

ӘЛ ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

КАРТАЕВА ТӘТТІГҮЛ, БЕЙСЕГУЛОВА АЙНҰР

ЭТНОЛОГИЯЛЫҚ ТАНЫМДАР.
ӘДІСТЕМЕЛІК СӨЗДІК.

Алматы - 2017

Пікір жазғандар:

Тарих ғылымдарының докторы, профессор А.Б. Қалыш

Тарих ғылымдарының кандидаты, доцент Р.Т. Айтбаева

Қартаева Т.Е., Бейсеғулова А.Б. Этнологиялық танымдар. Әдістемелік сөздік. – Алматы: Қазақ университеті, 2017 ж. –бет.

Сөздікте этнологиялық танымдар, этнологияның зерттеу әдістері, далалық этнографиялық экспедиция сауалнамалары, экспедиция жүргізу әдістері, этнографиялық түсірілімдер жасау мәселелері қамтылған. Сөздікте этнологияның зерттеу әдістерін қамтитын терминдер сөздігі, этнографиялық экспедициядан жинақталған дәстүрлі тұрмыс фототүсірілімдері берілген. Сөздіктегі деректер ЖОО оқытушыларына, этнология бағыты бойынша айналысатын зерттеушілерге, этнология бағытына маманданушы білім алушыларға арналған.

© Қартаева Т.Е., Бейсеғулова А.

© Қазақ университеті

АДАМ ДАМУЫНЫҢ БАЗАЛЫҚ ЖӘНЕ ИНТЕГРАЛДЫ КӨРСЕТКІШТЕРІ. *Адам дамуының базалық көрсеткіштері* адам дамуының негізгі үш компонентіне – ұзақ жасауға, білімділік пен тұрмыс деңгейіне сәйкестенеді. Адам дамуына қатысты осы үш компоненттің әрқайсысы жалпы бірнеше маңызды адам мүмкіндіктерін қамтиды. Мәселен, ұзақ жасау ұзақ және салауатты өмір сүру мүмкіндігін, білімділік – білім алуды, жұртпен араласуды, қоғам өміріне қатысуды, тұрмыс деңгейі – лайықты өмір сүру үшін қажет ресурстарға қол жеткізуді, салауатты өмір салтын ұстануды, аумақтық және әлеуметтік жинақылық үшін жағдайлардың болуын, қоғам өміріне қатысуды және т.с.с. білдіреді. Адам дамуының осы үш компоненті үшін әлемнің барлық елдеріне дерлік арналған тұрақты есептеліп тұратын және салыстырылатын көрсеткіштер жүйесі ұсынылған. Бұл орайда базалық көрсеткіштердің сандық мәндерінің артуы адам дамуының белгілі бір аспектіде таңдау мүмкіндіктерінің кеңуін білдіреді.

Ұзақ өмір сүруді сипаттайтын көрсеткіштер. Ұзақ жасауды сипаттайтын көрсеткіш болып туылған кездегі алдағы өмір сүрудің болжалды ұзақтығы қызмет атқарады. Көбіне қысқалық үшін болжалды өмір сүру ұзақтығы туралы әңгіме айтады. Осы көрсеткіш халықаралық статистиканың ең көп тараған көрсеткіші болып табылады және ол «өлім-жітім кестелері» аталатындар аясындағы есептердің барысында анықталады.

Туылған кездегі алдағы өмір сүрудің болжалды ұзақтығы – адам туылған кезден әр жас сайын өлім-жітімнің деңгейі өмір бойы сол ұрпақтың қатарында бір адамның орта есеппен өмір сүруге тура келетін жыл саны. Көрсеткіш жалпы қос жыныс үшін де, сондай-ақ еркектер мен әйелдер үшін жеке-жеке есептеледі. Осы көрсеткіш белгілі бір жасқа дейін өмір сүрмейтін тұрғын халықтың үлесін толықтыратын көрсеткіші болып табылады, ол халықтың жоқшылық индекстерін есептеу кезінде пайдаланылады және ұзақ әрі салауатты өмір сүру мүмкіндігінің дәрежесін сипаттайды.

Орташа деңгейде дамитын елдер үшін болжалды өмір сүру ұзақтығының көрсеткіші – *5 жасқа дейінгі балалар өлімінің* көрсеткішімен, ал жоғары дамыған елдер үшін *аналар өлімінің коэффициентімен* толықтырылуы мүмкін.

АЗАМАТТЫҚ НЕКЕ – мемлекеттік мекемеде, шіркеу немесе мешіттің қатысуынсыз бекітілген заңды неке.

АККУЛЬТУРАЦИЯ (ағылш. – *acculturation*, нем. – *akkulturation*) – негізінен алғанда батыс этнографтарының (әлеуметтік-мәдени антропологтардың) еңбектерінде, өзіндік мәдениетімен сипатталатын адамдар тобының басқа мәдениетті ұстанушылармен ұзақ уақыт бойы тікелей байланысқа түсуі және маргиналды кезеңнен өтуі арқылы осы мәдениеттің элементтерін игеру барысындағы үдерісті айқындау үшін қолданылатын термин. Мәдени элементтермен алмасу шамалас емес сипатқа ие болып келеді, бұл, өздері үшін басым болып келетін жаңа этникалық тілдік-мәдени ортаға түскен және оған бейімделуге мәжбүр иммигранттар тобы үшін әсіресе көрнекі сипатқа ие. АҚШ-та және бірқатар басқа елдерде «мәдениет» ретінде адам психикасының функциясы қабылданады, сондықтан оларды зерттеген кезде, А. ол жақта рухани мәдениеттің психологиялық элементтерін өзгертуге, атап

айтқанда – әлеуметтік қарым-қатынас нормаларын, құндылықтардың жаңа жүйесін және т.б. меңгеруге басты назар аударуға мән беру қабылданған. Жекелеген жағдайларда А. терминінің аясы тар жергілікті ұғымдармен, мәселен, Азия және Африка елдерінде еуропалық мәдениеттің, шаруашылық түрлерінің, мемлекеттік құрылымның және т.б. элементтерінің таралу үдерісін айқындау үшін «еуропаландыру» ұғымымен ауыстырылады. А. термині, әдетте *этникалық үдерістердің*, көп жағдайда – ассимиляция үдерісінің кезеңі болып келгенімен, олай болмауы да мүмкін: үйден және өз қоғамдастығынан тыс қарым-қатынастан туындаған жаңа этникалық ортаның материалдық және рухани элементтерін қабылдаған иммигранттық топтар, отбасылық тұрмысында өзінің дәстүрлі мәдениеті мен ана тілінің элементтерін өте ұзақ уақыт бойы сақтай алады.

АПАТРИДТЕР (грек. *apatris* – отаны жоқ, отанынан айрылған) әлемнің ешбір елінің азаматтығы жоқ адамдар. Оларды «аполидтер» (ағылш. *apolis* – отансыз) деп атайды. Апатридтік жағдай адам немесе жекеленген адамдар тобы басқа мемлекеттің азаматтығын алмай тұрып, өз мемлекетінің азаматтығынан өз еркімен шыққан немесе шығарылған жағдайда пайда болады. Апатридтер өздері тұратын мемлекеттің Конституциясын құрметтеуге, заңдарына бағынуға тиіс. Олардың азаматтық құқықтары шектеулі, басқа мемлекеттің қорғауын пайдалана алмайды, сайлау құқығында болмайды. Соңғы жылдардағы Ауғанстандағы, Таулы Карабахтағы, Тәжікстандағы саяси жағдайлар әсерінен апатридтер қатары күрт көбейген. 1954 жылдан апатридтер статусы және 1961 жылдан Бейазаматтық азайту туралы халықаралық конвенциялар бар. ҚР-ның Конституциясында шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың Республика азаматтары үшін белгіленген құқықтар мен бостандықтарды пайдалануы, сондай-ақ міндеттерді атқаруы (12 бап, 4 тармақ) көзделген. Апатридтерді кейде *алидтер* деп те атайды. Апатридтер дәрежесі жекеленген адамдардың бір мемлекеттің азаматтығынан шығып немесе шығарылып, келесі бір мемлекеттің азаматтығын алып үлгірмеген уақытта беріледі. Апатридтер өздері тұрып жатқан мемлекеттің заңдарына бағынады. Олар басқа бір мемлекеттің қамқорлығында болмайды. Олардың құқықтық мүмкіншіліктері шектелген, сайлау құқығы болмайды. Әйгілі апатридтер қатарында Альберт Энштейн, Анна Франк, Карл Маркс, Мартина Навратилова, Александр Арангелович, Даниель Кон-Бендит, Эмиль Чоран, Иван Бунин, Джидду Кришнамурти, Гад Лернер, Фридрих Ницше, Иштван Ньерш, Эли Визель сияқты адамдар бар.

АССИМИЛЯЦИЯ (лат. *assimilatio* – ұқсау; ағылш. – *assimilation*, нем. – *assimilation*) – айтарлықтай қалыптасып үлгерген халықтар немесе олардан бөлініп шыққан бөліктер және, әсіресе – саны жағынан көп және әлеуметтік-экономикалық тұрғыда дамыған басқа халықпен тығыз байланысқа түскен шағын топтар, әсіресе осы халықтардың ортасына түскен салыстырмалы түрде шағын этникалық топтар, олардың тілі мен мәдениетін қабылдап, бірте-бірте, әдетте кейінгі ұрпақтарында олармен ұйысып, өзіндің сана-сезімінен арылатын және өздерін осы халықтар санатына жатқызатын және бірлестіретін

этникалық үдерістер түрі. А. үдерістері сол елдің этникалық азшылық топтарын да (мәселен, ағылшындардың – уэльстіктерді, француздардың – бретондықтарды, орыстардың – карелдерді, мордваны және т.б. А., сонымен қатар тұрақты мекендеуге бел байлаған иммигранттарды да (мәселен, Францияға, АҚШ-қа және т.б. елдерге қоныс аударған итальяндықтардың) А. қамтуы мүмкін; А. мұндай нақты жағдайлары тиісінше «орыстандыру», «ағылшындандыру» және т.б. деп аталады.

Табиғи және күштеп А. болады. Табиғи А. этникалық әртекті топтардың тікелей байланысы кезінде туындайды және олардың ортақ әлеуметтік, шаруашылық және мәдени өмірімен, этникалық аралас некелер және т.б. шарттасады; мұндай А. кез-келген саяси жағдай кезінде прогрессивті сипатқа ие болады; тең құқылы халықтардың еркін қарым-қатынасы кеңейе түсетін социалистік қоғамда оның дамуы заңды және прогрессивті саналып келді. Бірақ ұлтшылдар, *этникалық парадигманың* жақтастары мұндай құбылысты жағымсыз деп санайды. Кейде А. халық санағымен анықталған, жекелеген этностардың абсолюттік санының кемуіне әкеліп соқтырады (мәселен, - мордваның, карелдің, еврейлердің және басқаларының). Ұлттар тең құқыққа ие емес елдерге тән күштеп А., үкіметтің немесе жергілікті биліктің мектепте білім беру саласындағы немесе қоғамдық өмірдің салаларындағы шаралар жүйесінен тұрып, этникалық азшылықтың тілі мен мәдениетін басып-жаншу немесе шеттетуге, өзіндік сана-сезіміне қысым көрсету және т.б. арқылы А. үдерісін жасанды түрде жылдамдатуға бағытталады. Бұл жағдайда күштеп А. саясаты сегрегация саясатына қарама-қайшы, сондай-ақ қоғамдық дамудың демократиялық тұғырнамаларына қайшы келеді. Кейбір жағдайларда табиғи және күштеп А. айқын аражігін анықтау (мәселен, Францияның «теңіздің арғы жағындағы» департаменттерінде) айтарлықтай қиынға соғады. Мәдени А. немесе *аккультурация* және тілдік, яғни «ана» тіліне айналатын немесе саналатын, басқа тілге толық ауысатын А. этникалық А. маңызды кезеңі болып табылады. Әдетте, мәдени немесе мәдени-тұрмыстық А. бейімделу деп аталатын кезеңі тілдік А. ерте басталып, толықтай кейінірек аяқталады.

ӘЛЕУМЕТТЕНДІРУ – әлеуметтік және саяси рольдер жүйесін қоса есептегенде, адамның әлеуметтік тұрғыда тәжірибе жинақтау үдерісі. Бұл үдеріс отбасында, мектеп жасына дейінгі балаларға арналған мекемелерде, мектепте, еңбек және өзге де ұжымдарда жүзеге асырылады. Әлеуметтендіру үдерісіне тұлға және өзіндік сана-сезім сияқты жеке қасиеттерді қалыптастыру жүреді. *Әлеуметтік қалпына келтіру (қатарға қосу)* – адамның әлеуметтік қызметтерін, оның қоғамдағы әлеуметтік және психологиялық мәртебесін қалпына келтіруге бағытталған бағдарламалар мен іс-әрекеттер кешені. *Әлеуметтік қолдану* – адамға дағдарысты жағдай, өмірдің күрделі ахуалдары кезінде мемлекеттік емес құрылымдардың тарапынан көрсетілетін медициналық-әлеуметтік, әлеуметтік-экономикалық, әлеуметтік-тұрмыстық, әлеуметтік-психологиялық, әлеуметтік-педагогикалық және өзге де көмек түрлерінің әлеуметтік қызметтерінің жиынтығы. *Әлеуметтік қызметтер* – меншік нысанына тәуелсіз әлеуметтік-тұрмыстық, әлеуметтік-медициналық,

психологиялық-педагогикалық, әлеуметтік-құқықтық қызметтер, әлеуметтік қолдау мен материалдық көмек көрсететін кәсіпорындар мен мекемелер.

БИПАТРИДТАР – екі елде азаматтығы бар адамдар.

БОСҚЫНДАР – қоғамдағы белгілі бір саяси, экономикалық, этникалық қысым, соғыс, табиғи апат салдарынан, оларға қарсы тұруға, төзуге шарасыз болудың әсерінен өз елінен басқа бір елге көшуге мәжбүр болған адамдар. Босқындар статусы халықаралық және ұлттық заңдар бойынша беріледі. БҰҰ-ның 1951 жылғы қабылдаған Конвенциясында «Босқын – рассалық, діни, ұлттық мәселелердің себептеріне не белгілі бір әлеуметтік топтарға мүшелігіне немесе саяси сеніміне байланысты өз ұлтының елінен сыртта болып, өз елінің қорғауын қабылдай алмайтын не қабылдауды қаламайтын, кез-келген адам», - деп көрсетілген. БҰҰ жанында Босқындар ісі жөніндегі жоғарғы комиссарының басқармасы жұмыс істейді. Босқындар мен қоныс аударушыларды қорғау ісін жүзеге асырып, әлеуметтік мәселелерін құқықтық тұрғыдан реттеумен айналысатын бұл халықаралық ұйым БҰҰ Бас Ассамблеясының 1949 жылғы 3 желтоқсандағы №319 (IV) қарарына сәйкес құрылған, штаб-пәтері Женева қаласында орналасқан. Ұйым босқындар бас сауғалап келген мемлекеттің келісімімен сол елде өзінің өкілдігін аша алады. Қазақстанда осы басқарма өкілдігі 1995 жылы тамызда ашылып, нақты шаралар бойынша Үкіметпен бірлесе жұмыс істеуге кірісті. Көші-қон легін халықаралық стандарттарға сай реттеу бағытында мемлекеттік органдарға жан-жақты көмек көрсете бастады. 1995-2001 жылдар арасында республикаға келген 3927 босқын (1588 отбасы) тіркеліп, олардың 2780-іне (935 отбасына) көмек көрсетілді, Чехиядан келген 90 босқын басқарма қамқорлығымен өз отанына қайтарылды. Сондай-ақ басқарма Қызыл Крест және Қызыл Ай қоғамдарымен бірлесе отырып, босқындар мен қоныстанушылардың ең кедей топтарына материалдық жәрдем беру жұмыстарын жүзеге асыруда. Қазіргі таңда Сириялық босқындар саны басым. Мыс., 2016 жылдың басында сириялық босқындар саны: Түркияда – 2200000-3000000; Йорданияда – 600000-1400000; Ливан – 500 000-1 000 000; Ирак – 200 000; Германияда – 184 000; Швецияда – 102 000; Мысырда – 100 000; Францияда – 7000 – 10 000; Ұлыбританияда – 4000 – 8000; Ресей – 1600; АҚШ – 10 000.

ВОЛОНТЕРЛІК (ЕРІКТІЛІК) – әлеуметтік проблемалардың кең ауқымдағы спектрін (сауатсыздық, жұмыссыздық, аштық, баспанасыздық және т.с.с.) шешуге қатысты жүргізілетін ерікті қайырымдылық қызмет.

ГЕРОНТОЛОГИЯ – қартаюу үдерістерін, сондай-ақ оның жеке биологиялық, психологиялық, әлеуметтік, медициналық, гигиеналық және экономикалық аспектітерін (қырларын) зерттеп-зерделейтін ғылым.

ДАЛА ӨРКЕНИЕТІ – түркі тектес халықтардың, соның ішінде қазақтардың материалдық және рухани құндылықтарының даму сатысы; этномәдени жүйенің қалыптасуындағы табиғи-тарихи тұрпат. Адамзат тарихын зерттеу барысында *өркениет* атауының өзіне әр түрлі, кейде бір-біріне қарама-қайшы анықтамалар қалыптасты. Америка тарихшысы Л.Морган (1818 – 1881) мен Ф.Энгельс оны адамзат дамуындағы жоғары, жазу-сызуды енгізу кезеңі («тағылық – жабайылық – өркениеттілік» ұштағаны арқылы) ретінде

сипаттады. Кейінгі кездері бұл термин адамзат дамуының аймақтық, салыстырмалы түрде бір-біріне тәуелсіз жетілген пішімдерін бейнелеу үшін қолданылып жүр. Еуропаға әсіре табынушы кейбір ойшылдар өздігінше жетілген мәдени-тарихи аймақтардың санын түгендеп, кейде – 8 (*О.Шпенглер*), кейде 36 өркениет ошағына (*А.Тойнби*) жеткізіп қойды. Әйтсе де, осы тұжырымдаманы жақтаушылар Алтайдан Карпат тауларына дейінгі ұлан-байтақ кеңістікте көшпелі-отырықшы тұрмыс кешкен түркі тектес халықтардың өткеніне астамшылықпен қарап, «тарихи дамудан тысқары қалған қауым» ретінде көрсетуге тырысты. Соған қарамастан, өркендеп-өрбу негізі, геогр.-табиғи аясы әлі далалық тұрпат саналатын көшпелі шығыс жұртының өзіндік өркениеті хақында дәйекті пікір түйген ғалымдар аз емес. Белгілі орыс археологы, акад. А.П. Окладников (1908 – 1981) зерттеу еңбектерінде далалықтардың этномәдени жүйесін «Батыс Сібір өркениеті» деп атап, «ежелгі түркі Сібірі шығысқа қарағанда батыспен тығыз байланыста болған сияқты. Оның мәдениеті бұрын болжағанымыздан әлдеқайда бай» екендігін жазды. Ә.Марғұлан, Қ.Ақышев, К.Байпақов, т.б. ғалымдар «көшпелілер өркениеті» атауын жиі қолданса, Л.Н. Гумилев, О.Сүлейменов оның өрлеу дәуірінде, б.з.б. 9 ғ-дан б.з. 11 ғ-ы аралығында, Жерорта т. жағалауы және Қиыр Шығыс елдерімен салыстырғанда жасампаздық эволюцияны бастан өткергенін дәлелдеді. Соның нәтижесінде еур. астамшылық пен таптық уағыздамаға негізделген кеңестік тарихнама мансұқ еткен Еуразия кеңістігіндегі тарихи-мәдени ерекше құбылыс ғылымға «Д. ө.» деген атпен ене бастады. Оның әлемдік өркениетке қосқан үлесіне үндінің саяси қайраткері Д.Неру «Әлемдік тарихқа көзқарас» атты еңбегінде әділ баға беріп, «Атлас картаны ашсаң, алып Азия құрлығының қойнына кіріп жатқан кішкентай Еуропаны көресің. Ол өз алдына дербес құрлық емес, Азияның жалғасы сияқты. Ал тарихты оқитын болсаң – ұзақ уақыт бойы, белгілі бір кезеңде Азияның үстемдік құрғанына көзің жетеді... Еуропаны жермен-жексен еткен де, өркениетке жеткізген де солар. Азияның әлдебір өңірінен шыққан арийлар, сақтар, ғұндар, моңғолдар, түркілер Азия мен Еуропаға қанат жайып, жаппай қоныстанды. Еуропа ұзақ уақыт Азияның отары сияқты болды... Еуропаның ұлылығын мойындамау әбестік болар еді. Сол сияқты Азияның ұлылығын ұмыту да – қателік. Азия адамзаттың ұлы рухани көсемдерін бергенін ешқашан естен шығармау керек. Оның ұлы ойшылдарын айтпағанның өзінде, әлемдегі ең басты екі діннің негізін қалаушылар – Ғайса мен Мұхаммед пайғамбарларды берген Азия ғой» дейді. Шын мәнінде, көшпелілер қоғамын тұрпайы денгей, тарихи дамудан сырт айналған орта санаған Тойнбидің өзі өркениет үрдісін табиғи ортамен байланыстырып, Қытай, Үнді өркениетін құрлықтық-қоғамдық тұтастық ретінде қарастырған. Ендеше, Азия мен Еуропа арасындағы алып кеңістік – ежелгі Дешті Қыпшақ төсінде эвол. жолмен қалыптасқан мәдени-экон., рухани тұтастықты, жартылай көшпелі, жартылай отырықшы тұрмыс кешкен дала тұрғындарының этнотарихи жүйесін Д. ө. деп атауға толық негіз бар. Климат құбылмалылығына жаппай әрі тікелей тәуелді күйдегі көшпелі мал ш. далалықтардың геоэкон., геосаяси, геомәдени икемділігін белгілі бір дәрежеде шектегенімен, тұйыққа қамай алмады; керісінше, бұл солт.-еуразиялық кеңістік

тұрғындарының өзіндік ерекшелікке толы әлеуметтену процесі мен нәсілдік-генетик. бірігуіне жол ашты. Жабайы жылқылар мен түйелерді қолға үйретіп, осыған орай арба мен әбзел ойлап табуы көшпелілерді өркениет даңғылына жетелеген алғашқы, тың қадам болды. Металл өңдеу, қыш ыдыс жасау, мата тоқу, зергерлік кәсіп қарқынды дамып, «жұлдыз барлап, жол табу» арқылы алғашқы астрон., ғарыштық түсініктері орныға бастады. Қандық-туыстық байланыстар мен әлеум. ұжымдасудың жан-жақты, қатаң түрде сатыланған жүйесі қалыптасты. Осынау прогрестік нышандардың бәрі көшпелілердің «мәдени өркені өнбей семіп қалғандығы, олардың етекбасты қабілетсіздігінің диалектикалық даму қалыбына қайшы келетіндігі» туралы әр қилы пікірлерді теріске шығарып қана қоймайды, сонымен қатар Д. ө-нің жалпы адамзаттық өркениетке өлшеусіз үлес қосқанын көрсетеді.

Жоғарыда айтылған жәйттердің нәтижесінде еуразиялық көшпелілер ортасында қалыптасқан тәңіршілдік, заратуштуралық, манихейлік дүниетаным көп ұзамай Алдыңғы Азия елдеріне діни қағидаттар, мифтік және эпостық сарындар ретінде жетіп, идеол., этик.-эстетик. тағылым дарытты. Жинақы тұрғын үй құрылымы, соған сәйкесті үй мүліктері мен киім-кешек үлгілері, тіпті, еуропалықтар тұрмысына да дендеп енді. Еуразия жазығының шығыстан батысқа қарай көсілген ендігінде олар ру-тайпалық бірлестіктен бастап өзара конфедеративті қарым-қатынасқа негізделген көшпелі империялар құруға дейінгі саяси интеграцияның күрделі процестерін өткерді. Әсіресе, мыңдаған жылдарға созылған нәсілдік-генетик. комбинациялардың, геосаяси және әлеум.-мәдени байланыстардың мекені болған апайтөс кеңістіктің батысы мен шығысын тұтастырған Тұран жазығының тұрғындары – протоқазақтардың өте ерте кезеңдерден көшпелілікті отырықшылық тұрмысқа, мал бағуды егіншілікке үйлестіре жүргізгені көне қытай жазбаларында мазмұндалған. Тоталитарлық режим тұсында тарихшылар түркі жұртының даңқты да өрелі өткені туралы деректерді айналып өтуге тырысты. Ерте ғасырлардағы жетістіктерін айтпағанның өзінде, айқын деректі – адамзат тарихында елеулі рөл атқарып, өз кезеңінің батыстық, шығыстық авторларының жазбаларына арқау болған *Түркі қағанатын* елемей келді. Ал бұл мемлекеттің өз кезінде Византия, Иран, Қытай сияқты елдермен саяси және экон. қарым-қатынас жасап, Манчжуриядан Керчень түбегіне, Енисейдің жоғ. сағасынан Әмудария жағалауына дейінгі кеңістікте салтанат құрғаны белгілі. Көне тарихта, адамзат дамуының бастапқы кезеңдерінде осынша ауқымды масштабты иемденіп, билеп-төстеген бірде-бір отырықшы халық ұшырасқан емес. Көне түркілер дәуірлеген кезеңде көшпелі тұрмыс Орт. Азиядан Византия шекараларына жол тартқан ерекше мәдени-әлеум. көпір болды. Ғасырлар ағымында бірінің орнын бірі басып, үздіксіз алмасып отырған көшпелі империялар шектес елдер мен шендес құрлық халықтарының этник. шығу тегіне, күрделі де алуан текті мәдени кешендеріне орасан ықпалын тигізді. Тұрақты дипломат. және саудасаттық қарым-қатынастарының желісі ретінде *Ұлы жібек жолы* әр текті, алуан бітімді мәдениеттер мен халықтардың арасын тұтастырып, тек материалдық айырбастың ғана емес, сондай-ақ, ілкі санадағы ізгілікті идеялардың, ілім-білімнің, ғыл. танымның, яғни мәдени құндылықтардың бастапқы негіздері

алмасуының тиімді факторына айналды. Осындай ауқымды да тығыз байланыстар нәтижесінде Көк түркілердің өзіндік ерекшелігі бар «өркениеттік деңгейдің басты шарты» – төл сына жазуы қалыптасты.

Алтай өңірінен, Шығ. Түркістан мен Жетісу жерінен, Хакас және Тыва өңірлерінен табылған 200-ден аса ежелгі түркі жазуының ескерткіштері б.з. 1-мыңжылдықтың соңы мен 2-мыңжылдықтың бас кезіндегі (5 – 6 ғ-лардағы) түркі тектестердің аса қуатты мәдени-тарихи даму үрдісіне дәлел боларлықтай. 20 ғ-дың басына шейін өзіндік өрнегі мен этник. бітімін жоғалтпаған осынау ерекше мәдени-тарихи тип – Д. ө. екендігі белгілі қазақ санаткерлері, зерттеуші-ғалымдар М.Қозыбаевтың, Ә.Кекілбаевтың, Т.Ғабитовтың, А.Сейдімбековтің, М.Барманқұловтың, т.б. еңбектерінде негізделген. Д. ө., шын мәнінде, уақыт пен кеңістік өрісінде геогр.-ландшафттық бөгесіндерге (өткелсіз су айдындарына, ну жынысты ормандарға, асусыз тау сілемдеріне) қамалып, томаға-тұйық күй кешкен реликтілік құбылыс емес, динамикалық, футуристік мән-мазмұны қанық жүйе ретінде ерекшеленді. Ұлы Дала төсі айрықша жауынгерлік рух пен ізгілікті дүниетанымды қалыптастырып, ұрпақтардың тарихи жадындай эпостық шығармалар арқылы кеңістік пен уақыт өрісіндегі қат-қабат оқиғалар тізбегін жоғалтпай, жіпке тізіп отырды. Кез келген көшпелі, қарапайым дала тұрғыны өз халқының бүкіл тарихи-мәдени, адамгершілік тәжірибесі жинақталған ауыз әдебиеті нұсқаларын – жыр-толғауларды, аңыз-әпсаналарды, т.б. жатқа білді. Сол арқылы әлемдік өркениеттің тарихи ауқымымен біте қайнасып, өзіндік бітім-тұрпатқа ие деңгейде өмір сүріп жатты. Транскұрлықтық байланыстар желісі, сондай-ақ әрісі Африка, берісі Еуропа құрлықтарының саяси-этник. картасына дүркін-дүркін өзгерістер енгізген жеңімпаз жорықтары арқылы көшпелілер өзара әрекеттескен өзге халықтарды рухани байытып, жалпақ әлем, жарық дүниенің кеңдігі мен сан алуандылығын көрсетті; экон. дамудың, әлеум. ұйымдасудың әр қилы сатысында тұрған, рухани, ділдік, нәсілдік, этномәдени т.б. сипаттары сәйкес келе бермейтін, бір-бірінен оқшау орналасқан аймақтардағы адамзат қоғамдастығының арасына дәнекер болды.

Ислам Ренессансын бастан өткеріп, әлемдік ғылымдар мен ғыл.-танымдық ізденістердің бастауына (әл-Хорезмидің «әл-Жебрасы», Ұлықбектің астрон. зерттеулері, Омар йайымның аспан денелерінің картасы, Әбу Әли Ибн Синаның дәрігерлік канондары, т.б.) айналған түркі әлемінің ішкі тұтасуының саяси-экон., мәдени және этногенетик. үрдістері Шыңғыс хан империясы шапқыншылығы кезінде күрт тоқырауға ұшырады. Түркілердің бірсыпыра бөлігі байырғы территория шегінен тысқары кетуге мәжбүр болды. Сөйте тұра, олардың бір бөлігі Шыңғыс хан империясының саяси құрылымын, әлеум.-құқықтық негіздерін жетілдіруге ат салысып, ұлан-ғайыр кеңістікке қанат жаюына тікелей жәрдемдесті. Шыңғыс хан Түркі қағанаты кезінде қалыптасқан әскери-әкімш. жүйені бұлжытпай басшылыққа алды. 15 ғ-дың 60-жылдары құрылған Қазақ хандығының тағдыры ұлы Түркі қағанаты және Шыңғыс хан империяларының тарихымен тамырласып, шығыс Дешті Қыпшақ, Жетісу мен Түркістан территориясындағы сан ғасырлық әлеум.-экон., этносаяси үрдістердің заңды жалғасы ретінде өрбіді. Аралас, яки көшпелі мал ш. мен

отырықшы егін ш. қатар дамыған, дәстүрлі қала мәдениеті бар өлкенің табиғи топтасуы негізінде 14 – 15 ғ-ларда біртұтас экон. аймақ құру үрдісі бүкіл қазақ жерін бірегей саяси құрылымға біріктіруге жағдай жасады. Үш жарым ғасырдай Орт. Азияда елеулі рөл атқарған Қазақ хандығы мемлекеттілік нышандарын жетілдіріп қана қойған жоқ, қазақ ұлтын тұтастырып, оның этник. жер аумағын нығайтып, рухани және материалдық мәдениетін дамытты. Әлемдік шаруашылық жүргізу тенденцияларының өзгеруі Еуразия ендігіндегі геосаяси ахуалға қаяу түсірді. Елдің солт-нде өз тауарларын өткізу рыногын әрі арзан шикізат көзін иемдену, әділетсіз экон. айырбасқа жол ашу мүддесі көкейін тескен Ресей империясы ентелеп тұрды. Адамзат дамуындағы ерекше тарихи-мәдени бітім – Д. ө-нің бесігі болған Орт. Азия елдері сияқты Қазақстан да осы кезеңнен бастап сол империяның геосаяси мүдделерінің орбитасына айналды. Әскери-әкімш. шаралардың ғана емес, сондай-ақ адуынды идеол. аппараттың көмегімен отаршылдар этномәдени тұтастықты бұзып, ұлттық нигилизмге, тарихи жадсыздыққа дем берді.

Көшпелілер қоғамын «басқаруға келмейтін, жабайы, қиратушылық қарымнан аспайтын, прогрессивті дамудың алғышарттарына қарсы жөнкілетін жер күш» ретінде сипаттайтын пікір орнықты. Патша генералдары мен жазалаушы отряд басшыларының өзі қазақ даласындағы озбырлық әрекеттерін, отарлау саясатын «өркениетті әлемді тағылықтан құтқару» деп түсінген. Тіпті, Бат. Еуропа ғалымдарының өзі (Тойнби, Р.Киплинг, М.Вебер, Э.Трельч, т.б.) еур. өркениет қана бар, ал өзге кеңістік «тағыларды мәдениетті адамға айналдырудың алаңы» деп есептеді. Мұның астарында жымысқы империялық саясатпен астасқан нәсілдік астамшылық жатқаны белгілі; әлемге ықпал ету аяларын бөліске салып, алуан құрлық игіліктерін иемдену барысында еуропалықтарды өзгелерге өркениет ұрығын себуші, мәдени ұлығат миссиясын атқарушы етіп көрсететін тұжырымдамаларда ғыл. шындықтан гөрі отаршылдық-идеологиялық мүдденің басымдығы ашық айтыла бастады. Кез келген ұлттың өркениеттілігі, мәдени бітімі сол елдің тәуелсіздігі аясында өрбиді. Егемен ел – тәуелсіз Қазақстан жағдайында жалпы адамзаттық құндылықтарға қол жеткізіп, біртұтас мәдени жүйе қалыптастыру үшін өткен жолымызды, шыққан биігімізді бағалай білу шарт. Өткенін бағалай білмеген келешегін де қаделей алмайды. Ал біздің өткен жолымыз, шыққан биігіміз – Д. ө., Еуразия даласын дүбірлете өтіп, «ұйқыдағы ару» – Еуропа әлемін оятқан жасампаздыққа толы тарихымыз.

ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ АУДАНДАСТЫРУ – зерттеу нысанасы болып табылатын аумақты демографиялық сипаттары жөнінен ұқсас аудандарға бөлу. Демографиялық аудандастырулар халықтың ұдайы өсімінің, көші-қондық өзгерістер қарқындылығының көрсеткіштері бойынша жүзеге асырылады. Демографиялық аудандастырудың халық санын нақтылы аймақтар бойынша (Қазақстанда облыстар, аудандар, ауылдар) халық санын нақтылы болжауға маңызы зор.

ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ БОЛЖАМ – әлемдегі, белгілі бір елдегі, аймақтардағы халықтардың санының өсуіне алдын-ала 1-10 жыл көлеміндегі қысқа мерзімге, 1 ғасырлық ұзақ мерзімге есептеу әдісімен болжам жасау.

1999 ж. санақ бойынша әлем халықтарының саны 6,4 млрд. болса, демографиялық болжам бойынша 21 ғ-ң соңында әлем халықтарының саны 32 млрд.-қа жетпек, ал Қазақстандағы қазақ халқының саны 1999 ж. - 7 985 039 болса, 2015 жылы Қазақстанда 13 млн. қазақ тұрап, еліміздегі халықтың 65 %-н құрайды.

ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ДАҒДАРЫС – белгілі бір аймақта әлеуметтік, экономикалық, табиғат ықпалдары әсерінен халық ұдайы өсуінің тежелуі. Демографиялық дағдарысқа соғыс, экология, мемлекеттік саясат т.б. тікелей әсер етеді. Қазақ халқы да өз тарихында бірнеше демографиялық дағдарысты басынан өткерді. Тарихи кезеңдерде қазақ ру-тайпалары жоңғар, қалмақ шапқыншылықтары, орыс билігінің орнауы т.б саяси жағдайлар әсерінен өз атамекендерінен ауа көшіп, көрші өзбек, түрікмен, башқұрт халықтары арасына кірме болды. 20 ғ. қазақ халқы *бірінші* демографиялық дағдарысқа 1916-1922 жж. Ұлт-азаттық қозғалыс, Қазақ төңкерісі, Азамат соғысы әсерінен ұшырап, халық ашаршылыққа, шаруашылықта күйзелісте болып, 1 млн.-ға жуық қазақ қаза тапты, 400 мыңнан аса қазақ осы жылдары шет елдерге қоныс аударды. *Екінші* демографиялық дағдарысқа қазақ халқы 1931-1932 жж. ашаршылық кезінде ұшырап, 2,5 млн. қазақ қырылды. *Үшінші* дағдарыс, 2-дүниежүзілік соғыс әсерінен болып 600 мың қазақ майданда опат болды. 20 ғ-да тек осы үш дағдарыс әсерінен қазақ халқы 4,5 млн.-нан астам адамға кеміді. Демографиялық болжам бойынша осы дағдарыстар болмаған жағдайда қазақ халқының саны бұл күнде 25 млн.-нан асуы керек еді.

ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ДҮМПУ – халық санының шұғыл немесе қарқынды өсуі. Демографиялық дүмпу кезеңінде өлімнің саны азайып, туудың саны көбейеді, ол халық санының жедел өсуіне алып келеді. Қазіргі кезеңде дүние жүзі халқының $\frac{3}{4}$ бөлігі демографиялық дүмпуді басынан өткеріп отыр. Оның ішінде Азия халқы жыл сайын шамамен 55 млн. адамға, Латын Америкасында 10 млн.-нан астам адамға өсіп отырады. Демографиялық дүмпулер Қазақстанда да болып тұрған. 20 ғ-ң 2-ші жартысында халық саны тез өскен, атап айтқанда 1959 жылы 9,3 млн. адамнан 1989 жылы 16,5 млн. адамға өсті. Қазақстандағы қазақтар саны 1945 жылы 3 млн. болса, 1974 жылы 7 млн. адамға жетті. Дегенменде, 1990-1999 жылдар аралығында демографиялық дүмпудің қарқыны төмендеп, халық саны азайып кетті. 2002 жылдан демографиялық дүмпу қозғалысы қайта серпіліс алуда.

ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ САЯСАТ – халық санын өсіру үшін мемлекет тарапынан жүзеге асырылатын әкімшілік, әлеуметтік, экономикалық т.б. шаралар жүйесі (мыс., Қазақстанда 2000 жылға жоспарланған «Қарадомалақ - 2000» саясаты; Шет елдегі қазақ диаспорасын белгіленген квота бойынша көшіріп әкелу, көп балалы отбасына жеңілдік т.б.). Халық тығыздығы өте жоғары болған елдерде бала тууды заң жүзінде шектеу бағытында демографиялық саясат жүреді (мыс, Қытай тәжірибесіндегі «бір отбасына - бір бала», Үндістан тәжірибесіндегі «біз екеуміз – бізге екі бала» саясаты).

ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ТЕРРИТОРИЯ – бала туудың көрсеткіші жоғары және халық саны көп территория. Мыс, Қытай, Үндістан, Бразилия, Өзбекстан т.б. мемлекеттері.

ДЕПОПУЛЯЦИЯ – демографиялық дағдарыстың көріну түрі, халықтың абсолютті санының өткен санақпен салыстырғанда төмендеуі.

ДЕПОРТАЦИЯ – белгілі бір халықты күштеп көшіру. 1937 ж. бірнеше мыңдаған кәріс халқының шығыс Владивастоктан Орта Азияға, сонын ішінде Қазақстанға күштеп аударылды. Ал Ұлы Отан соғысы уақытында Волга түбіндегі немістерді депортациялады. Кейіннен финдықтар, чечендер, ингуштар, қарашайлықтар, гректер, түріктер түгелімен қоныс аударып, репрессияланды.

ДИАСПОРА (грек сөзі – *diaspora* – шашырау, бытырау) – деп ұлттың атажұрты болып табылатын елден тысқары өмір сүретін бір бөлігін айтады. Диаспора термині алғаш рет еврейлердің Палестинадан тысқары жерлерде тұруына қатысты, яғни оларды б.з.б. 6 ғ-ң басында Вавилон патшасы Навиходоносор II-нің, одан соң б.з. 1-2 ғ-да римдіктердің қудалауына байланысты қоныс аударғаннан кейін қолданыла бастаған.

ДИНАМИКА – табиғи қозғалыс, яғни баланың тууы, адам өлімі.

ДИСПРОПОРЦИЯ – жастық структурадағы сәйкессіздік. Мыс. бір мемлекетте балалар санының көп болып кәрілер санының аз болуы немесе әйелдер санының көп болып ерлер санының аз болуы.

ЕҢБЕК КӨШІ-ҚОНЫ – жұмысқа жалдану мақсатымен адамдардың өз елінен басқа елге барулары.

ЕҢБЕККЕ ЖАРАМСЫЗДЫҚ (ҚАБІЛЕТСІЗДІК) – қоғам өміріне басқалармен бірдей қатысу мүмкіндіктерінен айырылу немесе шектелу.

ЖАСТЫҚ СТРУКТУРА – халықты балалар (0-12 жас), жасөспірімдер (13-15), еңбекке жарамды жастағылар (15-60), кәрілер (60- одан жоғары жастағылар) деп бөлу.

ЖАСТЫҚ-ЖЫНЫСТЫҚ ПИРАМИДА – халықты жасы мен жынысына қарай бөлу көрсеткішін графикалық суреттеу арқылы көрсету.

ЖЫНЫСТЫҚ ҚҰРАМЫ – халықты ерлер, әйелдер тобына бөлу.

ИММИГРАЦИЯ (лат. *immigro* – көшіп келемін) – мемлекетке басқа елден түпкілікті немесе уақытша тұруға келу үдерісі (Қазақстан заңнамасы бойынша алты айдан көп мерзімге).

ИММИГРАНТ (лат. *immigrants* – қоныстанушы), көшіп келуші – бір мемлекеттен басқа мемлекетке ұзақ уақытқа (Қазақстан заңдары бойынша алты айдан көп мерзімге) немесе тұрақты тұруға қоныстанушы азамат. И-тар өзінің тарихи отанынан әр түрлі себептермен кетуі мүмкін. Мысалы, экономикалық жағдайға байланысты, яғни материалдық жағдайын жақсарту үшін халқының тұрмыс деңгейі төмен мемлекеттерден дамыған мемлекеттерге жұмыс іздеп қоныс аударады; әскери себептерге байланысты, яғни соғыстан бас сауғалап, басқа мемлекетке көшіп кетеді; саяси себептерге байланысты, яғни мемлекет тарапынан көрсетілген саяси, діни, нәсілдік, ұлттық, т.б. кемсітушіліктерге байланысты қоныс аударуға мәжбүр болады. И-тар көптеген мемлекеттердің қалыптасуында үлкен рөл атқарды. Мыс., Еуразия даласындағы халықтардың қоныс аударуы (4-7 ғ.), Араб халифатының құрылуы (7-8 ғ.), Шыңғыс хан империясының күшеюі (11-17 ғ.), Ұлы географиялық ашылулар (15 ғ-дың ортасы-17 ғ-дың ортасы), т.б. әлем картасын түбегейлі өзгертті. 2-дүниежүзілік

соғыстан кейін Батыс Еуропа, Америка елдеріне Азия мен Солтүстік Африка елдерінен иммигранттар легі ағылды. Кеңес Одағы ыдырағаннан кейін Кавказдағы, Тәжікстан мен Ауғанстандағы соғыстарға байланысты Қазақстанға да аталған елдерден көптеген босқындар келіп қоныстанды. Иммиграцияның өсуіне ықпал еткен негізгі факторлар ырғақты экономикалық реформалар мен қолайлы экономикалық жағдаят (конъюнктура) болып табылады (ең бірінші кезекте мұнай). Қазақстанға көші-қонның маңызды экономикалық ынталандырмасына көршілермен салыстырғанда елдегі жалақының біршама жоғары деңгейі жатады. Сондай-ақ жұмыспен қамтылу, жұмыс орындарының алуан түрлілігі, еңбек рыногының серпінділігі де маңызды фактор болып табылады. Анағұрлым қолайлы экономикалық рай, анағұрлым дамыған рыноктық инфрақұрылым, әлеуметтік тұрақтылық, либералды халықаралық көші-қон ахуалын өзгертеді. Соған сәйкес көші-қон ағынында еңбекке қабілетті жастағы адамдардың үлесі өседі. Мәселен, иммигранттар қатарындағы еңбекке қабілетті жастағы адамдардың үлесі 2004 жылы - 73,4%-ды, ал эмигранттар қатарында 71,9% - ды құрады.

Қазіргі Қазақстандағы көші-қон үдерістерін мынадай топтарға бөлуге болады: этникалық қазақтардың эмиграциясы мен иммиграциясы (соның ішінде оралмандар); өзге этникалық топтардың эмиграциясы мен иммиграциясы (соның ішінде – еңбек миграциясы); ішкі миграциясы (көші-қон); реэмиграция (ата жұртқа қайта оралу); мигранттар транзиті; заңсыз көші-қон (соның ішінде-адамдарды саудалау). Осы топтардың барлығы әр түрлі көлемде егде жастағы адамдарды қамтиды. Бірақ мигранттар арасында еңбекке қабілетті жастағы адамдар саны басым. Елге келген мигранттардың қартаюы маңызды мәселе болатындықтан, 40-50 жастағы адамдардың құрылымында да мән берудің маңызы бар. Осындай адамдардың ең көп саны еңбек мигранттарының үлесіне тиеді. Мигранттар арасында ең көп проблемаларға оралмандар мен Қазақстанға көрші елдерден келген еңбек мигранттары кездеседі.

Иммиграция үдерісі бойынша келген оралмандарға мемлекет заңнама бойынша тұрғын үй сатып алуға қаражаттар бөліп, бір жолғы жәрдемақылар берсе де, оралмандар Қазақстанға қалай көшудің және квотаға қалай енудің жай-жапсарлары туралы ақпараттың жеткіліксіздігін атайды (жазбаша критерийлердің болмауынан, олардың бұған мүмкіндіктері бар ма, жоқ па, сол жағын түсінулері қиынға түседі). Оралмандар, қағида бойынша, экономикалық жағдайы қолайсыз елдерден келеді және олар әр түрлі көмектерге мұқтаж болады, солардың қатарында медициналық көмек, тұрғын үй мәселесін шешуге байланысты көмек, тілге үйрету көмегі, мамандық алу және қайта мамандануға қатысты т.б. көмек бар. Әдетте оралмандар жастар және кемел жамтағы адамдар болады. Олардың ең басым бөлігі Өзбекстаннан, Монғолиядан және Ресейден келсе, азырағы Қырғыстаннан, Қытайдан, Тәжікстаннан, Түркменстаннан келді. Туған-туысқандық кең ауқымдағы байланыстарға қарай олардың шетелдерде туыстары қалады (тікелей туысқандарынан – ең алдымен егде жастағы адамдар, өйткені олардың қозғалулары қиын болады). Болашақта оралмандар өздерінің егде жастағы туған-туысқандарын да Қазақстанға көшіруге ұмтылатынын ұйғаруға болады. Қазақстанға көшкенге дейін

оралмандар негізінен ауылдық жерлерде қоныстанған болады. Көрші елдерден келетін еңбек мигранттарының көпшілігі мәртебесі реттелмеген мигранттар болып табылады, соның салдарынан олар жұмыс берушілердің немес құқық қорғау органдарының тарапынан көбірек пайдалануға тартылады. Негізгі көпшіліктегі иммигранттар – оралмандармен салыстырғанда аңғұрлым үлкен жастағы адамдар. Олардың үштен екісінен астамы – 25 -54 жастағы кемел жастағы немесе аға буынға жататын адамдар. Қазақстанға көшкенге дейін иммигранттар негізінен қалада тұраған. И-тардың қажеттілігі мына жағдаймен анықталады, 1991 жылдан 2003 жылға дейінгі уақыт аралығында Қазақстаннан 2,9 млн- ға жуық адам қоныс аударған., әрі солардың қатарында еңбекке қабілетті тұрғындар 65% - ға дейін болған. Көптеген жоғары білікті мамандар мен жұмысшылардың елден кетуіне байланысты республикадағы өнеркәсіп, білім сияқты салалар мен басқада салалар бойыша еңбек рыногында еңбек ресурстарының тапшылығы пайда болды және ол осы уақытқа дейін сақталып отыр. Қазақстанға жұмыс күшінің көші – қоны сонымен қатар Қырғызстан мен Тәжікстандағы соғыстан кейінгі қайта құрудардың қиындықтарына қатысты да ынталандырылады. Бұл орайда иммиграция әркелкі екі ағынға бөлінеді: шетелдік жұмыс күшін заң жүзінде тарту; реттелмейтін еңбек көші-қоны. Екінші лек біріншісінен аңғұрлым анық – лицензиялар бойынша Қазақстанда 11,8 мың иммигрант жұмыс істейді, реттелмейтін иммиграциясы 200 – ден 500 мыңға дейінгі адам санымен өлшенеді.

Ішкі көші-қон – Қазақстан Республикасының ішінде жеке адамдардың тұрақты немесе уақытша, сондай-ақ маусым бойынша көшіп қону. Қазақстандағы ішкі көші – қон екі фактормен анықталады: Еңбек өнімділігі жоғары емес және соған сәйкес еңбекақысы төмен дәстүрлі (ауылшаруашылық) секторлардың есебінен экономиканың жаңа заманға сай секторларын (өнеркәсіпті, қала құрылысын, қызмет көрсету саласын) кеңейтудің жалпы заңдылығына байланысты фактор; Қала тұрғындарының жинақылығы мен оның сыртқы көші-қонға даярлығына байланысты фактор. *Ішкі мигранттар* – негізінен, 25 – 39 жастағы (43,5%) және 15 – 24 жастағы (30,6) адамдар.

Қазіргі кезде ауылға қалаға көшіп-қонудың негізгі себебі табыстар деңгейіндегі әркекілік болып табылады, сондықтан ішкі мигранттардың басым бөлігі – еңбекке қабілетті жастағы тұрғындар. Қазақстанның ауыл шаруашылығында өнімнің еңбекті қажетсінуін азайтатын жаңа технологиялар ендіруге байланысты еңбек рыногындағы сұраныс пен жұмыспен қамтылу да төмендейді, сөйтіп ішкі көші-қонның негізгі факторы жұмыссыздық болады. Қазір Қазақстанның ауыл шаруашылығында, орман және балық шарушылықтарында елдің 35%-дан астам жұмыс күші жұмыспен қамтылғандықтан, ал осы сектордағы жалақы ең төмен деңгейде сақталып отырғандықтан, ол ішкі көші-қон үшін негізгі себепке айналады деп нық сеніммен айтуға болады. Ауыл мигранттары үшін Астана, Алматы қалалары мен облыс орталықтар ең тартымды қалалары болып табылады.

Мигранттардың Қазақстан арқылы транзиті негізінен Орталық Азия елдерінен, Ауғанстаннан, Қытайдан, Пәкістаннан, Шри-Ланкадан және

Оңтүстік-шығыс Азияның өзге де елдерінен Ресей мен Батыс елдеріне жүзеге асырылады. Қағида бойынша, олар жасырын көші-қон лектері, солардың көпшілігі сыбайлас жемқорлық және қылмыс жиі жасалатын үдерістерге жақын адамдар.

Көші-қон үдерістеріне көші-қон желілерін құру өз ықпалын тигізеді. Көші-қон желілері көші-қон шығындары мен қауіп-қатерлерін азайту арқылы осы үдерісті жеңілдетеді. Көші-қон желілері әсіресе еңбекке жарамсыз адамдар үшін ерекше маңызды, өйткені осы желі әлгіндей адамдарға қолдау көрсетудің жүйесін құрады. Мәселен, егер қазіргі мезетте егде жастағы халықтың осал ішкі жинақылығы туралы айтатын болсақ, ал көші-қон желілері құрылғаннан кейін осы жинақылық айтарлықтай өседі. Адамның жасына қатысты фактор тұрғысынан көші-қонды қараудың маңызды мәселесіне мигранттардың бейімделу және әлеуметтену мүмкіндігі жатады. Бұл мәселе мигранттардың оралмандар, иммигранттар және ішкі мигранттар сияқты топтарына қатысты. Бейімделу және әлеуметтену үдерісіне саяси, экономикалық және мәдени аспектілерді бөлудің мәні бар.

Саяси бейімделу мигранттардың елдің саяси өміріне мүдделігін, сондай-ақ оған тікелей қатысуларын қамтиды. Барлық топтар үшін көші-қонның негізгі ынталандырмасы болып әлеуметтік фактор қызмет атқарғандықтан, олардың елдің саяси өміріне қызығушылығы жалпы айтарлықтай емес. Мысалы, елордамыз – Астана қаласында тұратын мигранттардың елдің саяси өміріне қызығушылық танытқандардың 50,7% - ды құрайды. Иммигранттар саясатқа барынша самарқау қараса (28,3%), ал ішкі мигранттар (59,6%) мен оралмандар (63,8%) саясатқа анағұрлым жақындау. Оралмандардың көші – қонына қозғау салған себептердің бірі олардың патриоттық сезімдері болып табылады.

Әрине, жасқа қатысты фактор тұрғысынан, мигранттардың *экономикалық бейімделуінің* мәні анағұрлым үлкен. Тұрақты ақы төленетін жұмыстың болуы, жұмыстың түрі, жалақының деңгейі негізгі көрсеткіштер болып қызмет жасайды. Қағида бойынша, экономикалық тұрғыда ең аз бейімделген адамдарға оралмандар жатады. Солардың арасында жұмыссыз адамдардың, үй шаруашылығындағы әйелдер мен зейнеткерлердің саны көп. Әрі, көптеген оралмандардың салыстырмалы материалдық әл-ауқаты Қазақстанға көшкеннен кейін төмендеп кетті. Оралмандардың айтарлықтай бөлігі (11%-ға жуығы) өздерін Қазақстанға көшкенге дейінгіден халықтың анағұрлым аз қамсыздандырылған топтарына жатқыза бастады. Экономикалық бейімделулердің маңызды ілігі зейнетақылық төлемдер болып табылады. Өкінішке қарай, иммигранттардың басым бөлігі мұндай аударымдар жасамайды.

Мәдени бейімделу мен мигранттардың интеграциясы да сондай – ақ мигранттардың түрлі топтарында әркелкі жүреді. Ішкі мигранттар бейімделуіне себеп болатын негізгі кедергілерге тұрмыстық қиыншылықтар жатады. Иммигранттар мен оралмандар үшін мұндай кедергілер негізінен тілге (қазақша және/немесе орысша жетік білмеулері) және мәдени – этникалық мәселелерге байланысты болады.

ИНТЕЛЛЕКТУАЛЬДЫ МИГРАЦИЯ – жоғарғы білімді, жоғарғы квалификациялы мамандардың (ғалымдар, дәрігерлер, инженерлар, жазушылар т.б.) мемлекет аралық келісім бойынша белгілі бір уақытқа немесе түпкілікті қоныс аударуы.

ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ ЖІКТЕУ (ағылш. – *linguistic classification*; нем. – *sprachliche klassifizierung*) – этностарды лингвистикалық жіктеу (оны кейде халықтардың лингвистикалық жіктелуі деп те атайды, бірақ бұл атауда қайталау элементтері бар), яғни оларды тілдік туыстық белгілері бойынша топтау, ең жиі қолданылатын әлем халықтарын жіктеу жүйесі болып табылады. Этностарды жіктеудің басқа түрлері (тарихи-мәдени, шаруашылық-мәдени, географиялық, антропологиялық, конфессионалдық және басқалары) аздау әзірленген және сиректеу қолданылады. Бірақ Л.Ж. да бірқатар кемшіліктері бар, атап айтқанда, оны пайдаланған кезде бірнеше тілде сөйлейтін халықтардың (мәселен, еврейлердің), сонымен қатар көпшілігі байырғы тілінен басқа тілге ауысқан этностардың (мәселен, ирландықтардың) жіктелу жағдайын анықтау қиынға соғады. Дегенмен, лингвистикалық жіктеудің көптеген артықшылықтары да бар. Ең алдымен, оны пайдаланған кезде шығу тегі бір немесе ұзақ уақыт бойы тығыз тілдік-мәдени қарым-қатынаста болған халықтар бір топқа түседі. Сонымен қатар, ол басқа жіктеулерге (мәселен, тарихи-мәдени) қарағанда зерттеуші тарапынан субъективизмнің көрініс беру жолдарын тарылтады.

Халықтардың лингвистикалық жіктелуі өзінің қалпы бойынша тілдердің генеологиялық жіктелуімен түйіседі, бірақ осы екі жіктелудің нысандары әртүрлі болып келеді. Түрлі зерттеушілер бөліп көрсететін тілдік отбасылар саны бірдей емес. Бұл әсіресе аборигендік тілдері жеткіліксіз зерттелген Африка және Америка тілдеріне қатысты.

Салыстырмалы тілтану жөніндегі ең жаңа зерттеулерге арқа сүйеген, Ресейде жарық көрген соңғы этнологиялық жұмыстардың авторлары келесі тілдік отбасыларды бөліп көрсетеді: үндіеуропалық, картвельдік, дравидтік, орал-юкагирлік, алтайлық, эскимостық-алеуттік (кейбір лингвистердің пікірінше, жоғарыда аталған семьясылар ностратиттік макроотбасы түзетін алыс туыс болып келеді), афразиялық (кейбір зерттеушілер оны ностратиттік макроотбасыға қосса, басқалары бұл тілдік бірлестігінің ностратиттік макроотбасының ыдырау уақытына жақын екендігін алға тартып, оны дербес макроотбасы деп санайды), нигеро-кордофандық (конго-кордофандық), нил-сахаралық (конго-сахаралық макро семьясын құрайтын соңғы екі семьяның генетикалық байланысы туралы пікір айтылды), койсандық солтүстік кавказдық, синотибеттік (сино-кавказдық макро семья сының бар екендігі туралы болжам айтылды), австроазиаттық, мяо-яо, паратайлық, австронезиялық (соңғы төрт отбасы австрикалық макросемьясын құрайтыны туралы болжам бар), андамандық, трансжаңагвинеялық, сепикраму, батыс папуастық торричелли, шығыс чендравасихтік, Чендравасих шығанағының (Гелвинк шығанағының), ско, квомтари, амто-мусиан, араи (андамандық отбасының және, белгілі лингвист Дж. Гринбергтің пікірінше, олардан кейін жүретін папуастық семьяның бір бөлігі бір отбасыға жатады, ол оларды

«үндітінықмұхиттық» деп атайды), австралиялық, чукооттық-камчаттық, наде-не, солтүстік американдық, экваториалдық-туканоандық және же-пано-карибтік (на-дене-ден басқа барлық үнді семья сылары кейде бір американдық семьяға біріктіріледі, на-дене семья кейбір белгілері бойынша сино-кавказдық макро семьяға жақын).

Сонымен қатар, оқшауланған тілдерде сөйлейтін бірнеше халық бар: баскілер (Испания мен Францияның шекарасында), буриши (Кашмирде), кеттер (Енесай өзенінің алабында), борумесо, варенбори, пауви, массеп, юри, нагатман, буса, пороме (соңғы 8 халық Жаңа Гвинеяны мекен етеді), айндар (Жапонияда), нахали (Үндістанда), кусунда (Неапольда), нивхи (Ресейдің Қиыр Шығысында). Кеттар тілі сино-кавказ макро семьясына жатады, кейде оны баскілер мен буриштердің тілдерімен байланыстырады.

Тілдік семьялар топтарға бөлінеді.

Үндіеуропалық семьясы – ең көп және ең кең таралған. Оған күллі әлем халқының 45% жатады. Үндіеуропалық халықтар Еуропа (Ресейді қоса алғанда), Армения, Тәжікстан, Иран, Ауғанстан, Оңтүстік Азияның солтүстік және орталық аудандары, Америкажәне Австралия халықтарының басым бөлігін құрайды. Үндіеуропалық отбасы 10 топқа бөлінеді: славян, балтық, герман, кельт, роман, грек, албан, иран, үндіарий және армян.

Картвельдік семьясы – саны аз (әлем халқының 0,1%) және негізінен Грузия аумағымен шектеледі.

Дравидийлік семьясы (әлем халқының 4%) негізінен Үндістанның оңтүстігі мен Шри-Ланканың солтүстік-шығысында тұратын халықтарды біріктіреді. Оның құрамында 4 топ аталады: оңтүстік, орталық, солтүстік-шығыс және солтүстік-батыс (дравидийлік отбасының басқа да жіктелімдері бар).

Орал-юкагир семьясы (әлем халқының 0,5%) Ресейде (елдің Еуропалық бөлігінің солтүстігінде, Еділ бойында, Батыс және Орталық Сібірде), Эстонияда, Финляндияда, Венгрияда, сонымен қатар Скандинавияның солтүстігінде тұрады. Оған 3 топ кіреді: фин-угор, самодий және юкагир.

Алтайлық семьясы (әлем халқының 6%) Еуразиядағы бір-бірінен алшак, Балқан түбегінен Жапон аралдарына дейін және Солтүстік Мұзды мұхит жағалауынан Орталық Азия шөлейттеріне дейінгі аймақтардан тұрады. 5 топқа бөлінеді: түркі, моңғол, тұңғыс-маньчжур, корей, жапон.

Саны ең аз *эскимос-алеут семьясы* Гренландияны, Солтүстік Американың солтүстігіндегі шеткері аудандарды және Ресейдің қиыр солтүстік-шығысын мекендейді.

Афразиялық (семит-хамиттік) семьясы (әлем халқының 5%) Солтүстік және Солтүстік-Шығыс Африкада, Араб түбегінде және оған солтүстіктен жапсарлас елдерде: Сирида, Ливанда, Иорданияда, Иордан өзенінің батыс жағалауында, Иракта тұрады. 4 топты біріктіреді: семит, бербер, чад және кушит.

Нигеро-кордофандық семьясы (әлем халқының 6%) Батыс, Орталық, Шығыс және Оңтүстік Африкада басым болып келеді. Отбасы құрамында 3 топ бар: манде, нигер-конго, кордофандық.

Нигеро-кордофандық семьясы мекендейтін аумақтың солтүстігінде 9 топты біріктіретін ніл-сахаралықотбасы (әлем халқының 0,6%) қоныстанған: шығыс судандық, орталық судандық, берта, кунама, сахаралық, сонгаи, фур, мабанг, комуэ.

Сан жағынан өте аз *койсан семьясы* негізінен Африканың оңтүстігінде шоғырланған және үш топтан тұрады: оңтүстік африкалық койсан, сандаве, хадза.

Солтүстік кавказдық семьясының да саны аз (әлем халқының 0,1%), оның атауы шоғырланған жерін айқын білдіреді. 2 топтан тұрады: абхаздық-адыгейлік және нахтық-дағыстандық.

Саны жағынан үндіеуропалықтан кейінгі *сино-тибеттік семьясының* саны одан екі аз (әлем халқының 23%). Шығыс, Орталық, Оңтүстік-Шығыс Азияда және Оңтүстік Азияның қиыр солтүстігінде таралған. Түрлі зерттеушілер сино-тибеттік отбасыны сан-алуан топтар санына бөледі. Жіктеулердің бірі бойынша мұндай топтар саны 13: қытайлық, тибет-бирмандық, качиндік, бодо-гаро, миджу, дигаро, мири, джимал, лепча, шығыс гималайлық, невари, гурунг, батыс гималайлық.

Австроазиялық семьясы (әлем халқының 1,6%) Оңтүстік-Шығыс, Оңтүстік Азияда және Оңтүстік Азияның оңтүстігінде тұрады. Жіктеулердің бірі бойынша 5 топқа бөлінеді: мон-кхмерлік, аслийлік, никобарлық, кхаси, мунда.

Мяо-яо семьясы халықтарының (әлем халықтарының 0,2%) таралу ауданы айтарлықтай тар: Шығыс Азияның оңтүстік аудандары және Оңтүстік-Шығыс Азияның солтүстігі. Отбасы екі топқа бөлінеді: мяо және яо.

Оңтүстік-Шығыс Азия мен оған жапсарлас орналасқан Шығыс Азия аудандары *паратай семьясы* этностарының (әлем халқының 1,4%) қоныстануымен шектелген. Жіктеулердің бірі бойынша отбасыға 6 топ кіреді: тай, ким-суй, онг-бе, ли, лаккья, гэлао.

Оңтүстік-Шығыс Азияда, Мұхит аймағында және Тайваньда *австронезиялық семьясы* халықтары (әлем халықтарының 5%) қоныстанған. Заманауи жіктеуге сәйкес, бұл отбасы 6 топқа бөлінеді: батыс австронезиялық, шығыс австронезиялық, атаял, цоу, пайван (саны жағынан аз соңғы 3 топ - Тайваньда).

Құрып бара жатқан *андамандық семьясы* Андаман аралдарындағы саны аз бірнеше халықтан тұрады.

Әлемдегі этнотілдік бөлшектенуі жағынан ең көп ерекшеленетін Жаңа Гвинеяда трансжаңагвинеялық (әлем халықтарының 0,1% жуығы) ең ірі семьясы болып табылады. Оның халықтары негізінен осы үлкен аралдың басым бөлігінде, сондай-ақ Тимор аралында таралған. Сепик-раму, торричелли, ско, квомтари, амто-мусиан, араи Жаңа Гвинеяның солтүстік-орталық аудандарында шоғырланған. Батыс папуастық отбасы Хальмахера аралының солтүстігін және Жаңа Гвинеяның қиыр солтүстік-батысын, шығыс папуастық – Бисмарк архипелагын және Соломон аралдарын, шығыс чендравасихтік – Чендрава-сихтүбегінің шығысын, Чендравасих шығанағының семьясы – осы шығанақтың жағалауын мекендейді.

Австралиялық семьясы әлі де болса Австралия құрлығында сақталып келе жатқан саны аз халықтарды біріктіреді. Ол 22 топқа бөлінеді, олардың тек біреуі ғана (пама-нюнга) айтарлықтай ірі.

Ресейдің қиыр солтүстік-шығысында шоғырланған *чукоттық-камчаттық семьясының* саны бұдан да аз.

Американың үнді семьяларының арасындағы тілдік тұрғыдан алғанда ең оқшауланған на-дене семьясына екі топ кіреді – Солтүстік Американың солтүстік-батысында таралған құрлықтық *на-дене* и *хайда*.

Солтүстік американдық семья (әлем халқының 0,1%) және *орталық американдық отбасы* (әлем халқының 0,1%) атаулары осы отбасылар біріктіретін халықтардың таралуының көрінісін нақты көрсетпейді. Себебі екі семья да Солтүстік те, Орталық та Америкада қоныстанған. Солтүстік американдық отбасы 3 топқа (алмосан-кересиу, пенути, хока), орталық американдық та 3 топқа (юто-ацтекская, тано, ото-манге) бөлінеді.

Чибча-паэс семьясы (2 топ кіреді: чибча және паэс) саны жағынан аз және негізінен Орталық Американың, Колумбияның және Венесуэланың аумағымен шектеледі.

Андтық семьясы (әлем халқының 0,3%) – үнді отбасыларының ең ірісі. Бұл оған үндінің аса ірі кечуа халқының кіруіне байланысты. Отбасы Анд тауларының ауданын мекендейтін халықтарды біріктіреді және 6 топқа бөлінеді: урарина-ваорани, кауапана-сапаро, солтүстік, кечуа, аймара, оңтүстік.

Экваториалдық-туканоандық (әлем халықтарының 0,1%) және же-пано-карибтік (біріншісіне қарағанда саны он есе) отбасы халықтары Оңтүстік Американың кең жазықтарында, Анд тауларының шығысында бір-бірімен аралас-құралас тұрады. Экваториалдық-туканоандтық отбасы 2 топқа (макро-туканожәне экваториалдық), же-пано-карибтікте 2 топқа (карибтік жәнеже-пано) бөлінеді.

Келтірілген жіктеу ортақ қабылданған болып табылмайды. Мәселен, кейбір зерттеушілер картвелдік және солтүстік кавказдық семьяларды біртұтас семья деп санайды. Көптеген ғалымдардың пікірінше, юкагирлер тілі орал тілдерінен оқшауланған жағдайда орналасқан. Түркі, моңғол және тұңғыс-маньчжур топтарының генетикалық байланысы мойындала бермейді. Корей және жапон тілдерінің оқшауланған ретінде қарастырылатын кездері аз емес. Мяо-яо көбіне австронезиялық семьясы құрамындағы топ ретінде қарастырылады. Африкажәне Америка тілдерінің жіктелуіне келер болсақ, бұдан бұрын атап өтілгеніндей, ғалымдар оларға қатысты қандай да болмасын келісімге әзір келе қойған жоқ.

ҚОС ТІЛДІЛІК – (ағылш. – *bilingualism*, нем. – *zweisprachigkeit*) – екі тілді білу және басқа адамдармен қатынасқа түскен кезде оларды пайдалану, әдетте, олардың бірі балалық шақта меңгерген тіл («ана» тілі) болса, екіншісі – басқа этникалық (басқа тілді) топтармен отбасыдан тыс қатынас, көбіне – ұлтаралық қатынас тілі болып келеді. Кейде адамдардың этникалық аралас отбасыларда өсіп, балалық шағынан екі тілді болатын жағдайлары ұшырасып тұрады. Кейбір этностар шетінен екі тілді келеді: мәселен, люксембурлықтар неміс және француз тілдерінде қатар сөйлесе, парагвайлықтар испан және

үндістің гуарани тілдерінде қатар сөйлей береді. Жалпы алғанда, Қ.Т. құбылысы әлемде, ұлттардың аумақтық араласуының барлық аудандарында, әсіресе – қалаларда өте кең таралған.

МӘДЕНИ ИННОВАЦИЯЛАР (ағылш. – *cultural novations*; нем. – *kulturellen neuerung*) – бұдан бұрын болып көрмеген және жақында пайда болып, этнос мәдениетінің жалпы жиынтығынан орын тапқан материалдық, нормативтік және рухани мәдениет құбылыстары. М.И. мәдениет дамуының ішкі үдерістерінен (жаңалық ашу, мәдени «мутация» және шеттен алып пайдалану ретінде) пайда болуы, немесе сыртқы әсерлерге байланысты болуы мүмкін. Соңғы жағдайда инновацияның екі түрін айыру қажет – шеттен алып пайдалану және ынталандырылған мәдени трансформация. Мәдени мутацияларға біріншіден, қоғамның қайта туындаған және өсіп келе жатқан мұқтаждықтарына жауап беретін, мақсатты түрде бағытталған жаңалықтар жатады. Metallургияның пайда болуы, жануарлар мен өсімдіктерді қолға үйрету, техниканың барлық дамуы осындай М.И. мысал бола алады. Екінші жағынан, кездейсоқ оқиғаның өзі дәстүрге айналып, мәдени мутацияға бастау бере алады (ағылшындардың дәстүріне айналған, Парламент ғимаратын 16 ғ. жармақшы болған Гай Фокстың тұлыбын өртеу мейрамы). Шеттен алып пайдалану – инновацияның ең кең таралған түрлерінің бірі, бірақ сыртқы әсерлер шеттен алып пайдалануға ғана әкеліп соқтырмайды, олар мәдени түрленуді тудырады және ынталандырады. Меланезия халықтарының діндерінде бас сүйекті дәріптеу мен адам басына аңшылық құру олардың шаруашылық-мәдени дамуының өзгешеліктеріне байланысты мәдени мутациялар ретінде туындаған секілді; христиан дінінде иудашылардың Ескі Әсиетінен тікелей қабылдау көрініс тапқан; ал милленаристік дәріптеулер – ынталандырылған түрлену ретінде пайда болған (олар отарлаушылармен қарым-қатынас нәтижесінде пайда болғанымен, шеттен алынбаған, оларды жергілікті халықтың өзін ойлап тапқан). Әдетте, М.И. өзінің мәдени массивке кірігу үдерісінде үш кезеңнен өтеді – іріктеу, түрлену және ықпалдасу. Инновация – жаңа құбылыс, соны жаңалық қана емес. Жоғары дамыған мәдениетте сән жаңалықтары үнемі пайда болып отырғанымен, барлығы бірдей іріктеу сүзгісінен өте бермейді, сондықтан ешбір із қалдырмастан жоғалып кетуі мүмкін. Осы этностың өзгешелігіне орай, түрлену негізінен шеттен алып пайдалануға қатысты болып келеді, себебі мутациялар мен ынталандырылған түрлендірулер өздігінен осы этнос шеңберінде туындайды. Қорыта келгенде, инновацияның құрылымдық ықпалдасуы дегеніміз, оның жаңалық болудан қалғандығын және осы этностың мәдениеті үшін дәстүрлі құбылысқа айналғанын білдіреді.

МЕТИС – екі ұлттың арасындағы некеден туған бала.

МИГРАНТ – басқа жерге түпкілікті немесе уақытша қоныс аударған адам.

МИГРАЦИЯ – бір жерден екінші бір жерге көшіп-қону.

МИГРАЦИЯ САЛЬДОСЫ – көшіп келгендер мен көшіп кеткендер арасының «+» және «-» белгісімен берілетін сандық айырмашылығы.

НЕКЕЛЕСУДІҢ МЕДИАНДЫҚ ЖАСЫ – заң немесе әдет бойынша рұқсат берілген некелесудің ең төмен жасы.

НУКЛЕАРЛЫ ОТБАСЫ (латын *nucleus* – ядро) – баласымен немесе баласыз, немесе неке құрмай ата-анасымен тұратын шағын отбасы.

ОРАЛМАН – ҚР-на шет елдерден қайтып оралған қандастарға берілген атау. Қазақстан Республикасы егемендік алған кезге қарай оның аумағынан тыс жерде тұрақты тұрып келген және тұрақты тұру мақсатымен Қазақстанға келген ұлты қазақ шетелдіктер. Демография ғылымында өз отанына қайтып оралған адам *репатриант* деп аталады.

ОРАЛМАНДАР ИММИГРАЦИЯСЫНЫҢ КВОТАСЫ (ҮЛЕСІ) – Қазақстан Республикасының аумағына көшуге жыл сайын рұқсат етілетін оралмандар отбасыларының саны, оларға Қазақстан Республикасының халықтық көші-қон туралы Заңына сәйкес жеңілдіктер мен өтемақылар беріледі.

ӨЛІМ-ЖІТІМНІҢ ЖАС БОЙЫНША КОЭФФИЦИЕНТТЕРІ (ӨЖК) – өлім-жітімнің жалпы коэффициенттерінен айырмашылығы, ол түрлі жас топтары үшін өлім-жітімнің деңгейін көрсетеді. Егер оларды түрлі жас топтары үшін есептейтін болса, онда өзгерісі туралы деректер бойынша, халықтың бұрынғы жылдағы нақты тұтыну шығындары құрылымының саласындағы үй шаруашылықтарын тексеру материалдары бойынша. *Шамадан тыс өлім-жітім (ерте болатын өлім-жітім)* – «адам дамуына қатысты индекстер» теориясының позициясы тұрғысынан халықтың 85 жасқа жетпеген (адамның ұзақ жасауының табиғи межесі) өлім-жітімі ұғынылады.

ПРОМИЛЛЕ, % (латын. *promille* – мыңға деген сөзі) – демографиялық өсудің 1000 тұрғынға шаққандағы салыстырмалы бірлігі.

РУХАНИ МӘДЕНИЕТ – адамдардың қоғам өміріндегі мәдени қызметінің нәтижесі. Өнер, дін, фольклор, философия, ғылым, құқық, саясат, мораль, т.б. құбылыстар Р. м. өзегі болып саналады. Р. м. материалдық мәдениетпен астаса дамиды және олар тарихи дамуда көрініс берген жалпы мәдениеттің құрылымын түзейді. Ғасырлар бойы мәдени мұра ретінде қалыптасатын Р. м. кез келген қоғамның өркениеттік деңгейін білдіреді және сапалық сипатын танытады. Ол бір-бірімен тығыз байланысты екі формада өмір сүреді: біріншіден, рухани өмірді туындатуды мақсат еткен жеке адамдардың іс-әрекеттері мен олардың дараланған рухани әлемі түрінде; екіншіден, сол өнімдердің рухани құндылықтар деңгейінде бағалануы, яғни олардың әлеуметтенуі жатады. Адамзаттың рухани өндірісінде Р. м. үлгісі боларлық биікке көтерілген дүниелер тарихи кезеңдерге сыймай, әлеум.-этн. кеңістік аясынан шығып, жалпыхалықтық асыл қазынаға айналып отырған. Сондықтан Р. м. әлеум. немесе тарихи топтар үшін ғана емес, жер бетіндегі тұтастай адамзат үшін, халықтарды біріктіру мен ынтымақтастыра түсу үшін жасалған. Ал бұл өлшемге жауап бермейтін рухани өндірістің өнімдері тарих сынағынан өте алмайды. Мәселен нәсілшілдікті, әсіре ұлтшылдықты ту етіп көтерген идеялар ұлттық мәдениеттің кері кетуіне, құлдырауына себепкер болады. Р. м-ті тағы бір құлдырататын нәрсе оның барынша прагматистік принциптерге негізделуі, сауда мен табыс көзіне айналуы. Қазақ халқының ежелгі заманнан

кордаланған Р. м-і озық үлгілі рухани құндылықтарға толы. Қазақ халқының салт-дәстүріндегі үлкенді сыйлау, әруаққа бас ию, қонақты құрметтеу, табиғаттың үйлесімділігін сақтау, сөз қадірін білу, аталы сөзге тоқтау Р. м-тің ерекше үлгісі болып табылады. Атақты билердің айтқан әрбір әділ сөзі халықтың жадында ғасырлар бойы сақталып, оның діліне ұлтты іштей біріктіруші бағдар бола алды. Қазақ Р. м-інің биігі ретінде қазақтың бас ақыны Абай мен ойшылы Шәкерімнің терең руханилыққа толы шығармаларын, өмірлік тәжірибелерін атауға болады. 20 ғ-да халықтың Р. м-ті жаңғырта түскен қазақ зиялыларының үлкен бір тобы пайда болды. Олар Р. м-тің саясатпен, құқықпен байланысты тұстарын ұштай түсті. Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, М.Шоқай, т.б. қайраткерлер халықты еркіндікке шақыра отырып, Р. м-ті көтерудегі білім мен ғылымның маңыздылығын жоғары бағалады. 1917 жылдан кейін кеңестік мәдениет соц. сипат алып, ұлттық Р. м-терді идеол. бірліктікке шақырумен ерекшеленді. Нәтижесінде ұлттық мәдениеттің негізгі мазмұны таптық құрылымдардың шеңберімен, қисынымен шектелді. Тәуелсіздік алғаннан кейін Қазақстанның Р. м-і демокр., ұлттық бағдардағы даму жолына түсті. Елде өмір сүріп жатқан әрбір этнос өкілдерінің ұлттық мәдениетінің гүлдеп, өркендеуіне мүмкіндік берілді. Қазақ халқы да өзінің Р. м-ін жаңғырту жолына түсті.

РЕПАТРИАЦИЯ (лат. *repatriatio* – отанына оралу) – түрлі себептермен бөгде елдің аумағында тұрып жатқан адамдарды өз отанына кері қайтару.

РЕПРЕССИЯЛАУ – адамдардың белгілі тобын саяси қудалау.

РЕПРОДУКТИВТІ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ – туылған баладан бас тарту.

РЕПРОДУКЦИЯЛЫҚ ЖАС – бала тууға қабілетті жас.

РЕЭМИГРАНТ – өзінің тарихи отанына кетіп, өз еркімен тұрған мемлекетіне қайтып келген эмигранттар. *Реэмигранттар (ата жұртқа оралушылар)* - негізінен 1990-жылдарда Қазақстаннан Ресейге көшкен және 2000-шы жылдарда елге қайтып оралған адамдар. Ресейде олар, негізінен, Сібір және Орталық Ресей қалаларында тұрған. Олардың Қазақстаннан кетулеріне өздерінің экономикалық және әлеуметтік жағдайын өзгертуге байланысты әрекеттері себеп болған. Кәсіптік және әлеуметтік жағдайға қарай өзгерген факторлардың жиынтығы олардың қайтып оралуларына қозғау салды. Анағұрлым жоғары білімді және әлеуметтік жағдайы жақсы адамдар, қағида бойынша, өздерінің әлеуметтік-экономикалық мәселелерін шешкен, бірақ олар психологиялық бейімделу проблемаларына кездескен. Анағұрлым төмен деңгейдегі білімі бар адамдар ең алдымен әлеуметтік-экономикалық сипаттағы проблемалардан қиындық көрген (мамандық бойынша жұмысқа орналасу, тұрғын үй мәселелері).

РУРБАНИЗАЦИЯ – қаладан ауылға көшу. Қазақстанда рурбанизация 1954-56 жж. Тың жерлерді игеру кезеңінде жүрген.

САЛТ-ДӘСТҮР – әр ұлттың, халықтың діні мен сеніміне, тұрмыс-тіршілігіне, ұлттық құрылым ерекшелігіне сәйкес ғасырлар бойы жинақталып, өмірдің өзі туғызған ғұрыптардың жиынтығы. С.-д. ұлт үшін өмір, қоғам заңы болып негізделіп, сана, тағылым, тәрбие, тіршілік ережесі ретінде ел зердесіне рухани байлық – өнеге тәжірибесін құраған. Бұл талаптар мен ережелерді

халық бұлжытпай орындаумен бірге оны құрметтемеген, сақтамаған адамдарды сол заң негізінде жазалап та отырған. Өткен заманда қазақ қоғамы үшін С.-д. бұлжымас заң рөлін атқарды. Мыс., той, наурыз көже, қыз ұзату, қонағасы, шашу, ерулік ата салты болып саналады. С.-д-дің ел арасындағы тәлімдік, тәрбиелік, халықтық мәні зор. Халықтың атадан балаға көшіп, дамып отыратын тарихи әлеум., мәдени-тұрмыстық, кәсіптік, салт-сана, мінез-құлық, тәлім-тәрбие және рухани іс-әрекетінің көрінісі дәстүр арқылы танылады. С.-д. байлығы – мәдениеттің байлығы. Мыс., ата-ананы, үлкенді құрметтеу, байғазы, көрімдік, сүйінші, кәде сұрау, сәлем беру, ат тергеу, құрдастық қалжың, т.б. С.-д-ге жатады. Қазақ халқы С.-д-ге бай. Әдет, ғұрып, ишара, ырым, тыйым, дағды бәрі осы С.-д. көрінісі.

УРБАНИЗАЦИЯ – ауылдан қалаға көшу.

ФАКТІЛІ НЕКЕ – заңды тұрғыда бекітілмеген некелік қатынас.

ХАЛЫҚ ТЫҒЫЗДЫҒЫ – мемлекеттегі жалпы жер көлеміне халық санын орналастыру немесе жер көлеміне халық санын бөлу. Мысалы Қазақстанның жер көлемі 2, 724, 9 км². Халық саны 14 953 235 (1999 ж) Халық тығыздығы 1 км² жерге 5-5,5 адамнан келеді.

ЭВАКУАЦИЯЛАУ – соғыс болған аймақтан, техникалық жарылыс болған аймақтан, апат болған аймақтан халықты бейбір жерге уақытша көшіру.

ЭМИГРАЦИЯ (латын. *emigro* – көшемін, кетемін) – басқа мемлекетке түпкілікті немесе уақытша тұруға кету.

ЭКОНОМИКАЛЫҚ БЕЛСЕДІ ЕМЕС (ЕНЖАР) ХАЛЫҚ – қаралып отырған уақыт аралығында жұмыспен қамтылғандардың немесе жұмыссыздардың қатарына жатпайтын халықтың экономикалық белсенділігін өлшеу үшін белгіленген жастағы адамдар.

ЭКОНОМИКАЛЫҚ БЕЛСЕНДІ ХАЛЫҚ (ЖҰМЫС КҮШІ) – тауарлармен көрсетілетін қызметтердің өндірісіндегі жұмыс күшінің ұсынысын қамтамасыз ететін халықтың экономикалық белсенділігін өлшеу үшін белгіленген жастағы халықтың бөлігі. Экономикалық белседі халықтың саны экономикалық қызметтің барлық түрлеріне жұмыс істейтіндер мен жұмыссыздарды қамтиды.

ЭТНИКАЛЫҚ ҚҰРАМ – бір мемлекетте тұратын ұлт өкілдерінің құрамы. Қазақстан халықтарының этникалық құрамын Қазақстанда тұратын 130-дан астам ұлт өкілдері құрайды.

ЭТНОСАРАЛЫҚ ЫҚПАЛДАСУ (ағылш. – *interethnic integration*, нем. – *interethnische integration*) – әдетте, көп ұлтты мемлекеттер шеңберіндегі ұлттар мен ұлыстар түріндегі таптық қоғам этностарының өз тілдік-мәдени жәнеэртекті қалыптасып үлгерген басқа да параметрлері бойынша өзара әрекеттесуінен тұратын, бірлестіретін *этникалық үдерістер* түрі; бұл этностардың жалпы мәдени элементтерді, жалпы өзіндік сана-сезімін және т.б. жасап шығара отырып, бірте-бірте жақындасуына және ұйысуына әкеліп соқтырады. Мұндай үдерістердің нәтижесінде *метаэтникалық ортақтықтар* пайда болуы мүмкін; капиталистікке дейінгі формацияларда олар этномәдени және этноконфессионалдық ортақтықтар түрінде көрініс берді. Э.Ы

үдерістерінің кеңес ғылымында күшті дамуы кемеліне келген капитализм дәуірімен тарихи байланыстырылып келді. Бұл дәуірде ұлттар арасындағы барлық қарым-қатынастар дамиды және жиілей түседі, ұлттық аралықтар күйрейді, капиталдың, тұтастай алғанда экономикалық өмірдің, саясаттың, ғылымның және т.б. интернационалдық бірлігі құрылады. Бірақ бұл кезде де ұлттық және әлеуметтік-таптық қарама-қайшылықтар мұндай үдерістер барысын тежеп отырды. Қазіргі кезде басқа этнобірлесу үдерістеріне қарағанда, Э.Б. кейбір елдерде ғана құлаш жаюда және жеткіліксіз түрде көрініс беруде; тіпті Швейцарияның өзінде, мәселен, бірқатар себептерге орай (ұлттық мәселелерді әкімшілік шекараларды бөлместен демократиялық тұрғыда шешу, қос тілділікті және үш тілділікті кеңінен дамыту және т.б.) бұл үдерістер айтарлықтай алға басып кеткен, әдебиетте жиі ұшырасатын «швейцарлықтар» ортақ термині негізінен этникалық емес, саяси мәнге ие. Халықтар арасындағы экономикалық және мәдени байланыстардың кеңеюі мен нығаюы, ұлттық және таптық антогонизм негіздерінің жойылуы арқасында Э.Б. үдерістері социализм тұсында заңды түрде күшейе түседі деп көзделген еді.

ТМД-да олар Орта Азия халықтары арасындағы негізгі «*тарихи-этнографиялық облыстар*» бойынша да, әсіресе, тұтастай алғанда ел шегі бойынша да дамиды; мұндай үдерістер дамуының маңызды кезеңі ретінде адамдардың жаңа тарихи ортақтығын – «кеңес халқын» қалыптастыру саналды. Ол біртұтас экономикамен, идеологиямен, ұлтаралық қатынаста орыс тілінің кеңінен қолданылуымен, ұлтаралық некелердің жиілеуімен, жалпыкеңестік мәдениет пен тұрмыстың көптеген белгілерімен, сонымен қатар жалпыкеңестік патриотизммен және кеңес адамдарының басқа да ортақ сезімдерімен байланысты өзіндік сана-сезіммен сипатталды. Бірақ республикалық ұлтшылдық пен сепаратизмнің күш алуынан «қайта құру» жылдары Э.Б. үдерістері әлсіреді; Кеңестер Одағы күйреген соң, бұл көптеген аймақтарда этносаралық ыдырауға ұласты. Бұдан бұрын ірі ұлттар мен ұлыстардың құрылу үдерістері аяқталмаған әлемнің полиэтникалық елдері, кейбір жағдайларда Э.Б. нығайту үдерістерін жақындастыра түсті (мәселен, Индонезия халықтарынан біртұтас индонезиялық ұлттың, Филиппин халықтарынан – филиппин ұлтының қалыптасуы және т.б.). Э.Б. үдерістерінің айтарлықтай дамуы, мемлекеттік шекаралары тілдік-мәдени белгілері бойынша әртүрлі этностарды (немесе этностар бөлігін) біріктірген Африка елдерінде белең алуда (мәселен, эфиоп ұлтының, кениялық ұлттың және т.б. қалыптасуы).

ЭТНИКАЛЫҚ КАРТОГРАФИЯ (ағылш. – *ethnic mapping*, нем. – *ethnische kartographierung*) – түрлі аумақ тұрғындарының этникалық құрамын және әлемнің жекелеген халықтарының орналасуын көрсететін, карта құрауға арналған, картография мен этникалық география бөлімі. Э.К. картографияның ең ежелгі бөлімдерінің қатарына жатады. Бізге мәлім ең алғашқы карталардың өзін (Милеттік Гекател – б.д. дейінгі 5 ғ. және Эратосфеннің – б.д. дейінгі 3 ғ.) тек географиялық қана емес, этникалық деп те атауға болады. Себебі, оларда көрініс тапқан негізгі нысандардың бірі – олар мекен еткен аудандарда жазбалармен көрсетілген халықтар болатын; бұл ежелгі және орта ғасыр географтарының басқа да карталарына қатысты; этникалық элементтер кейінгі

ғасырлар ішіндегі географиялық карталардың барлығында дерлік айтарлықтай маңызға ие болған. Ұлттық қозғалыстардың қарқынды дамуына байланысты 19 ғ. ортасынан бастап халықты жаппай есепке алу материалдарына негізделген арнайы этникалық карталар пайда бола бастады. 20 ғ. басында бірқатар Еуропа елдерінің этникалық карталары жарық көрді. Бірінші дүниежүзілік соғыстан кейін және оған байланысты саяси шекараларды қайта қарауға орай, негізінен «даулы» аумақтарға қатысты көптеген аймақтық этникалық карталар пайда болды. 20 ғ. отар және тәуелді елдердің көптеген этникалық карталары жасалды. Мұны батыс мемлекеттерінің өз иеліктері мен тәуелді аумақтарындағы тұрғындарды мұқият зерттеуге деген ұмтылысымен түсіндіруге болады. Бұрынғы Француз Үндіқытайының, Африканың көптеген елдерінің егжей-тегжейлі карталары жасалды. Халықтың этникалық құрамын бір-бірімен ешқандай байланыста тұрмайтын көптеген тайпалардың конгломераты ретінде көрсету осы карталардың көпшілігінің ерекшелігі еді. Сөйте тұра, Азия мен Африканың көптеген елдерінде бұдан жоғары деңгейдегі ортақтықтар қалыптаса бастады; шын мәнінде мұндай карталар халықтардың сол тұстағы жағдайынан емес, олардың өткенінен хабар беретін.

Батыстың ірі елдерінің (АҚШ-ты, Канаданы, сонымен қатар Австралияны қоса алғанда), Оңтүстік-Батыс және Оңтүстік Азияның, Тайландтың, Латын Америкасы мемлекеттерінің барлығының дерлік халықтарының заманауи орналасу карталары 1960-шы жылдарға дейін жасалмады. Э.К. Ресейде бұрыннан кеңінен дамыған еді. Бірінші кезекте бұл елдің көпұлттығымен және ғалымдардың осы халықтардың өміріне деген зор қызығушылығымен түсіндіріледі. 17 ғ. өзінде елдің алғашқы географиялық карталарында немесе оның бөліктерінде халықтар мен тайпалардың орналасуы туралы мәліметтер пайда бола бастады. Еуропалық Ресейдің алғашқы ғылыми этникалық картасын 1861 ж. А.Ф. Риттих құрастырды. Сондай-ақ Ресейдің батыс губерниялары мен Кавказдың бұдан да егжей-тегжейлі картасын 1887 жылы А.Ф. Риттих құрастырды. Содан соң елдің әртүрлі бөліктерін, тұтастай алғанда Еуропалық Ресейден бастап жекелеген губерниялары немесе тіпті, уездеріне дейін қамтыған ондаған карталар жарық көрді.

Этникалық карталар құрау бойынша жұмыстар екінші дүниежүзілік соғыстан соң кеңінен қанат жайды. Бұл түрлі елдердің халықтарына, олардың этникалық және мәдени ерекшеліктеріне, олардың аумақтық және ұлттық қарым-қатынастарына деген қызығушылықтың артуымен түсіндіріледі. Егер бұдан бұрын кеңес ғалымдарының зерттеу нысандарына негізінен ТМД халықтары мен кейбір көршілес елдер жатса, қазір зерттеулердің аумақтық шеңбері айтарлықтай кеңі түсті. Соғыстан кейінгі уақытта тәуелсіздік алған Азия мен Африканың көп ұлтты елдеріне ерекше назар аударылды. Себебі, бұл елдердің саяси өміріндегі көптеген оқиғаларды осы халықтардың өзара қарым-қатынасы мен орналасу ерекшеліктерін егжей-тегжейлі талдау арқылы ғана түсіну мүмкін болмақ.

Соғыстан кейінгі уақытта этникалық карталар құрау бойынша негізгі жұмыс РФҒА Этнография институтында шоғырлана бастады. КСРО халықтарының картасы 1951 ж. бастап тұрақты түрде жаңартыла және

жариялана бастады (1:5 және 1:4 млн. масштабта). Алдыңғы, Оңтүстік және Шығыс Азия, Үндіқытай, Индонезия және Филиппин, Африка халықтарының карталары 1956 ж. бастап тұрақты негізде жарық көре бастады, сонымен қатар бірегей жинақтауыш «Әлем халықтарының картасы» 1:15 млн. масштабта, 800-ге жуық халық көрсетіле отырып жарық көрді. Карталардың көпшілігіне картографияланатын аймақ бойынша этнодемографиялық мәліметтер бар мәтін қоса жалғанған. «Әлем халықтар» және «Елдер және халықтар» томдар топталарында, география оқулықтарында, энциклопедиялық басылымдарда және басқаларында этникалық карталар молынан жарияланған. 1964 ж. кеңес этнографтарының көп жылғы жұмысын қорытындылайтын жиынтық еңбек – әлемнің 1500-ден астам халықтары атап көрсетілген «Әлем халықтарының атласы» жарық көрді.

Э.К. көптен бері ақпаратты зерттеу мен таратудың ең тиімді әдістерінің біріне айналды. Бұл бірқатар әдістемелік мәселелерді шешуді талап етті. Оларға этникалық ортақтықтарды бөлу мен жіктеу тұғырнамалары, этникалық шекараларды анықтау тәсілдері, этникалық шекараларды анықтау немесе нақтылау үшін материалдардың сан-алуан түрлерін (оның ішінде жанамаларында) пайдалану мүмкіндіктері, карталарда сандық көрсеткіштерді бейнелеу, бояу гаммаларын және түрлі белгілерді және т.б. қолдану жатады. Нақты этностардың аумақтық орналасуы туралы ақпарат алу Э.К. алғашқы қадамы болып табылады. Бұл үшін олардың қатарынан осы аумақта кездейсоқ немесе уақытша жүргендер, көлемі аздар алып тасталынады. Этникалық құрамы алақұла ауқымды жерлерді шағын масштабта картаға түсірген кезде, туысқан халықтарды біріктіруге, аңызды жалпылауға тура келеді. Халықтарды осылайша топтастырғанда, кеңес ғалымдары халықтардың генетикалық жақындығы туралы пікір тудыратын этнолингвистикалық жіктеу тұғырнамасына сүйенеді.

«Халық» («этнос», «этникалық ортақтық», «ұлт») ұғымының өзін нақтылау маңызды міндет болып табылады. Осы ұғымды жеткіліксіз әдістемелік әзірлеу; сонымен қатар көптеген этникалық ауыспалы топтардың болуы этностың басқа да тарихи қалыптасқан адамдар қауымдастығымен жиі араласуына (көбіне діни және нәсілдік) әкеліп соқтырады; қандай да болмасын қауымдастықтың халық, халықтың бөлігі («субэтнос» немесе «этнографиялық топ») екендігін немесе бірнеше халықтың жиынтығы («мета этникалық ортақтық») болып табылатындығын анықтауда түрлі этникалық қауымдастықтардың қосарлама бағыныштылығын (иерархиялығын) анықтау үлкен қиындық туғызады. Осы мәселе бойынша мәтіннің әрқилы оқылуы белгілі бір дәрежеде карталардың масштабымен (шағын масштабты карталарда халықтар әдетте топтарға біріктіріледі) байланысты. Этникалық (ұлттық) қатыстылығы жөніндегі бастапқы мәліметтер халық санағының аздаған материалдарында ғана бар, бұл халықтың этникалық құрамын және этностардың орналасу шекараларын анықтау үшін сан-алуан жанамалар көрсеткіштер мен материалдарды пайдаланудың арнайы әдістемесін әзірлеу қажеттілігін туындатты.

Картаға түсіру тәсілдерін таңдаған кезде, «ептеп енгізу» тәсілімен «ұлттық тұрғыда аралас» аудандарды бөліп көрсете отырып, халықтардың аумақтық қарым-қатынасын көрсетуге, қандай да бір аймақтың ерекшелігін құрайтын этникалық топтарды бөліп көрсетуге басты назар аударылады. Тағы бір маңызды мақсат – картаға түсірудің басқа да салаларында күрмеуі көп міндеттердің бірі болып табылатын, халықтардың көптеген сандық айырмашылықтарынан көрініс беретін көрсеткіштерді енгізу. КСРО-да 1950-ші жылдары сан-алуан түрлі-түсті жолақтарды қолдану арқылы халықтың этникалық құрамы мен тығыздығын қиыстыра көрсетудің арнайы әдісі әзірленді. Бірақ ол картаны оқуды қиындататындықтан және оның негізгі мазмұнын – халықтың этникалық құрамын көрсету мүмкіндігін нашарлататындықтан, кейін бұл тәсілден бас тартуға тура келді. Бүгінгі таңда этникалық карталардың барлығы дерлік этникалық аумақтар әдісімен жасалады. Оларда аралас аудандар түрлі түске ие және қалыңдығы әртүрлі жолақтармен, ал тысқары этникалық «ептеп енгізулер» – түрлі түске және түрге ие белгілермен дараланады. Сандық көрсеткіштер аз қоныстанған аудандарды бөліп көрсету арқылы көрініс табады (әдетте – халық тығыздығы 1 адамға 1 км²); олар өте әлсіз бейтарап бояумен боялып, оның үстіне сан-алуан түрлер мен түстерге ие белгілер («ептеп енгізуді» көрсеткендегідей) геометриялық тәртіппен, сонымен қатар түрлі қарқындылықтағы бояулар таңдау арқылы түсіріледі.

Э.К. әдістемесін жетілдіруге өте көп назар аударылғанымен, онымен тікелей немесе жанама байланыстағы бірқатар маңызды аспектілер, мәселен, қалалардың этникалық құрамын картаға түсіру, олардың этникалық аспектіндегі көші-қон және басқалары жеткілікті түрде терең зерттелмеген. Тіпті ірі масштабты карталарда қалалар халқының этникалық құрылымын, күрделі этникалық құрамын көрсету кезінде олардың аумағының шағын көлемі қиындата түседі. Қазіргі кезде қала халқының этникалық құрамы үш тәсілмен көрсетіледі: 1. Қала пунсондарына жақын тұстарға этникалық азшылықтарды «ептеп енгізу»; 2. Қаланың этникалық топтарының санына сәйкес шеңберлерді секторларға бөлу арқылы (қала халқының санына тепе-тең етіп) картаға қала пунсондарын масштабтан тыс кеңейту және оларды тиісті түспен бояу жолымен; 3. Негізгі картаға ірі масштабты ойымдарды, кейде қала кескіндемелерімен орналастыру. Әдетте, көші-қонды көрсету үшін эпюр типті «қозғалыстар сызығы» қолданылады. Бірақ көші-қон ағындарының этникалық құрылымын көрсеткен кезде, оларды жақсы оқылатын етіп шығару қиынға соғады. Көшпенділер мен жартылай көшпенділердің орналасуын көрсетудің жақсы картографиялық шешімі әзірге табыла қойған жоқ. Аз қоныстанған және толық қоныстанбаған аумақтар арасындағы шекті көрсетуге тоқталар болсақ, ол атымен жоқ.

Шешілмеген әдістемелік мәселелердің ең зор ауқымы этникалық үдерістерді картаға түсіру кезінде туындайды. Бұл үдерістер тіптің өзінің тар мағынасында (халықтың қандай да бір бөлігінде этникалық сана-сезімнің өзгеруі нәтижесінде халықтың этникалық құрылымының өзгеруі) іс жүзінде әзірге картаға түсірілмеді. Этникалық дамуды көрсетудің ең қарапайым жолы–

әртүрлі мерзімдерге этникалық карталар құру. Мұндай үдерістердің нәтижелері туралы ақпаратты беруге болар еді, бірақ ол қабылдау мен талдау үшін қолайсыз түрде шығуы мүмкін. Арнайы аңыз – өзінің ұлттық-этникалық сана-сезімін ауыстырғандар үлесін белгілейтін шкалаәзірлеуге де болады. Этникалық ортақтықтардың кезеңдік түрлерін көрсетуге байланысты қиындықтар одан да көп. Оның үстіне мұндай түрлер (тайпалар, ұлттар және басқалары) арасындағы айырмашылықтар әзірге сапа жағынан да, сан жағынан да анықталмаған. Э.К. зерттеудің маңызды құралы ретінде қарастыра отырып, Э.К. кезінде талданатын сюжеттер әрдайым күрделі және кешенді болып келетінін есепке алу қажет: сондықтан карталар, тіпті тұтас топтама түрінде де, әдетте, мәтіндік және кестелік қосымшалармен ілестіріліп отыруы қажет.

ЭТНОСТАРДЫ ЖІКТЕУ (ағылш. – *ethnic classification*; нем. – *ethnische Klassifizierung*) – этностарды зерттеу мақсатында белгілі бір топтарға бөлу. Э.Ж. *этнос* ұғымына кеңейтілген анықтамаға кіретін белгілер негізінде жасалуы мүмкін, олар: тіл, аумақтар, мәдениет, және олардың қосымша түрлендірмелерін есепке ала отырып, басқалары. Этно-лингвистикалық Э.Ж. әсіресе картаға түсіруде кеңінен таралған. Оның негізіне тілдерді отбасыларға, топтарға және оқшауланған тілдерге генеологиялық жіктеу салынған. Сонымен қатар күшті диалектикалық айырмашылықтары бар этностарды, оларды ішкі тілдік гомогенділігінің деңгейі бойынша, сондай-ақ басым бөлігі өзге тілдерді пайдаланатын немесе тілдік ассимиляция нәтижесінде осындай тілдерге өткен этностарды бөліп көрсете отырып, Э.Ж. пайдалануға болады.

Э.Ж. аумағы бойынша ең алдымен өзінің географиялық орналасуымен байланысты болады; мәселен, этностар *тарихи-географиялық* немесе *тарихи-этнографиялық облыстары* және әлем тараптары (мәселен, «Кавказ халықтары», «Еуропа халықтары» және т.б.) бойынша топталады. Э.Ж. мақсаттары үшін этностардың таралу ерекшеліктерін пайдаланып, олардың шоғырлануының түрлі сатыларын – жинақыдан бастап – дисперсті қоныстандырылған халықтарға дейін бөліп көрсетуге болады. Э.Ж. қоныстану ерекшеліктері бойынша өз мемлекеттілігінің шекарасынан тыс өмір сүретін этнос үлесін бөліп көрсете отырып, оларда потестарлық ұйымның немесе ұлттық мемлекеттіліктің қандай да болмасын түрінің болғандығына қарай этностарды жіктеумен қабысады.

Мәдениет бойынша Э.Ж. «мәдениет» ұғымының екіұштылығынан нашар әзірленген; бұл үшін кейбір объективті белгілерді, мәселен, этностарды «жазуы бар» және «жазуы жоқ» және т.б. деп бөліп пайдалануға болар еді. Көптеген этностар пайдаланатын этникалық-спецификалық (дәстүрлі) және интернационалдық немесе космополиттік үлес бойынша Э.Ж. айтарлықтай қызығушылық туғызады. Қолда бар *шаруашылық-мәдени түрлерді* жіктеу, негізінен алғанда қоғамның тарихи дамуының салыстырмалы түрде алғанда ерте кезеңдері үшін қолданылады. Бұдан тыс, оны қолданған кезде этностар сан-алуан шаруашылық түрлеріне басымдық берілетін бөліктерге ыдырап кетуі мүмкін (мәселен, бұғы өсіретін көшпенді чукчалар мен отырықшы балық аулайтын чукчалар және теңіз жануарларын аулайтындар). Бұл жағдайда оған жол берілмеуі керек. Әзірге «ұлттық мінез-құлықты» сипаттау үшін

қолданылатын психологиялық сипаттамалар бойынша Э.Ж. әзірленбеген. Этникалық сана-сезім белгілері негізіндегі Э.Ж. да жоқ. Тұтас және екі жақты сана-сезімге ие этностарды бөліп, сәйкестендіру үшін сан-алуан этнонимдерді және т.б. қолдануға мүмкіндік болар еді.

Этностың параметрлері ішінде ең объективтісі және қарапайымы оның саны болып табылады. Оны Э.Ж. негізіне өзінің абсолюттік, сондай-ақ салыстырмалы мағыналарында салуға болады (мәселен, этникалық азшылықтарды бөліп көрсеткен кезде). Этностың әлеуметтік-таптық құрылымы маңызды мәнге ие. Оны Э.Ж. үшін синхронды, диахронды, яғни, тарихи тұрғыда пайдалануға болады. Соңғысының негізіне әлеуметтік-таптық құрылымның қоғамдық-экономикалық формациялармен немесе өндірістің негізгі тәсілдерімен байланысы қойылуы тиіс: алғашқы қауымдық, азиаттық, құл иеленушілік(антикалық), феодалдық, капиталистік және социалистік.

Жоғарыда аталған Э.Ж. жүйелері белгілі бір жетекші белгіге негізделген және ғылыми зерттеулер кезінде бір-бірін толықтыра алады. Екі белгінің үйлесімі негізінде кейбір Э.Ж. құрылуы мүмкін, бірақ бұл жағдайда олар кестелік түрге, мәселен бір белгінің көлденеңінен, ал екіншісінің – тігінен түрленуіне ие болады. Кеңестік ғылымда кеңінен таралған, Э.Ж. олардың тарихи даму кезеңдері немесе формациялары бойынша, олардың үш негізгі түрі ретінде «*тайпалар*», «*ұлыстар*», «*ұлттар*» ретінде бөліп қарастыруы, шын мәнінде, толық сәйкес келе бермейтін белгілер пайдаланылған шартты-сипаттама дегенді білдіреді. Әлемнің әртүрлі елдерінің ғалымдары «тайпа» және «ұлт» терминіне бірдей мағына бере бермейді, ал «ұлыс» термині көбіне тек орыс әдебиетінде, оның өзінде екіұшты қолданылады. Кейбір кеңес философтарының пікірінше, ұлт дегеніміз этникалық емес, «әлеуметтік-таптық» қауымдастық болып табылады. Этностың мұндай «тарихи-әлеуметтік» түрлерінің белгілі бір қоғамдық-экономикалық формациялармен бұдан да тығыз байланысы, С.А. Токарев ұсынғандай, тиімділігі аз көрінеді. Бұл жағдайдамұндай түрлердің үш емес, бес немесе алты түрін бөліп көрсету қажет. Бірақ осындай Э.Ж. эвриттік құндылығы формациялықпен толы үйлесу мүмкіндігі аз.

ЭТНИКАЛЫҚ БІРІГУ (ағылш. – *ethnic consolidation*, нем. – *ethnische konsolidierung*) – тілі мен мәдениеті жақын, әдетте шығу тегі жағынан туыс бірнеше этностардың (немесе – этнос бөліктерінің) арасындағы әлеуметтік-экономикалық және мәдени байланыстардың дамуы барысында ірі этникалық қауымдастықтарға бірігуі орын алатын біріктіруші *этникалық үдерістер* түрі: Б. мәселен, тайпалық және аумақтық топтардың «*ұлыстар*» типіндегі этностарға, ұлыстардың «*ұлттарға*»: поляндардың, древляндардың, вяттичтердің – ежелгі орыс ұлтына бірігуі; текелердің, йомуттардың, тоқлендер мен басқа да түркі тілдес тайпалардың – түркімен ұлтына бірігуі; солтүстік-француздар мен провансальдықтардың – француз ұлтына бірігуі және т.б. жатады. Қосылатын топтар арасындағы айтарлықтай діни және нәсілдік айырмашылықтар Б. дамуына тежеу әсерін тигізеді. Қосылатын этностар мен этникалық топтардың көпұлтты мемлекет шегінде мемлекеттің немесе аумақтық автономияның шекараларында бірігуі Б. жеделдету әсерін береді:

мәселен, Орта Азиядағы 1920 жылдардағы ұлттық-мемлекеттік құрылыс, ол жақта одақтық және автономиялық республикалардың құрылуы өзбек, тәжік, түркімен және басқа да ұлттардың Б. үдерістеріне ықпал етті. Жаңа біріккен этникалық қауымдастық – *этнонимнің* атауы әдетте, ең ірі немесе жетекші этникалық бөліктің атауынан (мәселен, «поляктар» – «поляндар» тайпасынан, «болгарлар» – «бұлғарлар» тайпасынан және т.б.), облыс атауынан («украиндықтар» – «у края» (шеттегі) дегеннен, жергілікті билеушінің атынан («өзбектер» - Өзбек ханнан), ал кейде басқа себептермен таңдалған: мәселен, «минусиндік татарлар» тайпасы – качиндіктер, қызылдықтар, сағайлықтар және басқалары этноним ретінде ежелгі Енесай қырғыздарының атауын – «хакастардың» атауын қабылдаған.

Өздеріне жақын этникалық құрылымдармен үнемі байланыста жүрген, салыстырмалы түрде қалыптасып үлгерген ұлттарға немесе ұлыстарға қосылуы (мәселен, ноғайбақтар мен мешчеряктардың – татарлар құрамына, мингрелдер, свандар мен аджарлықтардың – грузиндер құрамына және т.б.), сонымен қатар этнографиялық топтар арасындағы диалектілер мен мәдени-тұрмыстық айырмашылықтардың тігісін жатқысу, жалпы этникалық (ұлттық) сана-сезімді (мәселен, шығыс және батыс украиндықтар арасындағы, ал батыс украиндықтардың ішінде – гуцулдар, бойкалар, лемкалар және басқа да этнографиялық топтар арасындағы) нығайту жағдайлары Б. үдерістеріне жатады. Мұндай Б. дамуы этностың жекелеген бөліктері арасындағы әлеуметтік-экономикалық және мәдени-тұрмыстық байланыстардың нығаюына, бірыңғай әдеби тілдің таралуына, ортақ бұқаралық ақпарат құралдарының (баспасөз, радио және басқалары) өрістеуіне, кәсіби мәдениеттің өсуіне және т.б. байланысты. Б. таптық формациялардағы этникалық үдерістердің ең кең таралған түрі болып табылады. Ұлтта капиталистік және социалистік ұлыстардың қалыптасуы аяқталған соң, Б. әдетте, *ассимиляция* үдерістеріне қалай болғанда да жол бере бастайды. Қазіргі кезде Б. үдерістері Африка елдерінде әсіресе кең таралған. Ұлттық дамуды тежейтін отарлық қамытынан құтылғаннан кейін, жаңа ұлттардың – гана, конголез, эфиоп және басқа ұлттардың қалыптасуы жүріп жатыр.

ЭТНИКАЛЫҚ МӘДЕНИЕТ (ағылш. – *ethnic culture*, нем. – *ethnische kultur*) – мәдени этностың өзіне тән бөлігі. Этнос мәдениетінің жалпы массиві осы этноста орын алатын іс-әрекеттің барлық түрлерін, тәсілдері мен нәтижелерін, этнос өндіретін және тұтынатын мәдени құбылыстардың барлық жиынтығын қамтиды: бұған этникадан тыс шеттен алып пайдалану, интернационалдық жалпы әлем мәдениетінің кешендері мен бөліктері, бірқатар көршілес және туыс этностарға тән аймақтық мәдени белгілер жатады. Этностың жалпы мәдениетіне қарағанда, өзіне ғана тән Э.К. осы этностың өзі де, оның көршілері де қабылдайтын, тек оған ғана тән, онымен байланыстырылатын бөлігін ғана қамтиды, және осы арқылы этноықпалдастырушы, этнодифференцирлеуші міндеттерді атқарады. Э.Б.-ге *этникалық дәстүрлер, этникалық символика*, материалдық мәдениеттің өзіне тән («ұлттық») формалары – тұрғын жай, киім, тамақ, фольклор құбылыстары (эпос, музыка, би және т.б.), ал қалаланған қоғамда және кәсіби көркем

мәдениетті жасаушылар мен тұтынушылар, ұлттық сарындардың немесе этномәдениеттік болмыста көкейтесті тақырыптардың болуын сезінеді.

Этникалық мәдениет құбылысы міндетті түрде бір мәдениетпен шектеліп қалмауы тиіс: ол бірқатар этностарға тән болуы мүмкін, бірақ дәл сол этностың оны өзінікі деп эмоциялық және символикалық тұрғыда байланыста сезінуі маңызды. Мәселен, пирамидалды жабыны бар тұрғын жай грузиндерде «дарбази», армяндарда «глхатун», әзірбайжандарда «гарадам» ретінде бірдей түрде белгілі, бірақ әр этнос оны өзіне тән этникалық мәдениетінің бөлігі ретінде қабылдайды. Мұндай сезіну үшін мәдени құбылыстың нақты этнологиясы маңызды емес, ал халық этнологиясы бойынша әр этнос мұндай құбылысты бәрінен бұрын өзіне ғана тән, ал қалғандары басқадан қабылдаған деп сезінеді. Дегенмен, біле тұра шеттен алып пайдаланылған құбылыстар да Э.М. ықпалдаса алады. Мәселен, Жапонияның оңтүстік бөлігіндегі кейбір мерекелік тағам түрлері (касутэра бисквиті, теэмпуре қуырдағы және басқалары) 16-17 ғғ. португалдықтардан алынғаны белгілі, бірақ жергілікті Э.М. кіреді және тіпті, жергілікті ұлттық символдар болып саналады. Э.М. біртұтас жүйе ретінде әрдайым емес, әсіресе біздің кезімізде, қолданыла бермейді. Бірақ оның жекелеген элементтері кез-келген этноәлеуметтік ағзаның жүйелік тұтастығын аса қажетті бекітуші ретінде қолданылады.

МӘДЕНИ ЛАНДШАФТ – белгілерінің түрлерін айтарлықтай өзгерткен, антропогендік және техногендік әсерге ұшыраған табиғи дәрежелер ортасы. Қоғамның әсерінен қатты өзгеріске ұшыраған М.Л. мысалы ретінде қалаларды, әсіресе ірі қалаларды келтіруге болады. Оларда бастапқы табиғи субстракт қазір тек жер бедерінен (егер ол кейін айтарлықтай өзгертілмесе), сақталып қалған ірі суағарлардың гидрографиясынан және климаттан сезіледі. Қоғамның шектеулі әсерінің нәтижесі болып табылатын М.Л. мысалы ретінде ауыл шаруашылығы мақсатында пайдаланылатын жерлерді келтіруге болады. Әдетте, бұл жерлерде тек өсімдік өсетін қабат, ішінара жер қыртысының құрылымы, жер қыртысына жақын микроклимат, белгілі бір дәрежеде жер қыртысын ылғалдандыру режимі мен жер қабаты суларының режимі (үстіңгі қабат суы) әсіресе суару есебінен өзгеріске ұшырайды.

Адамдардың әсер етуі нәтижесінде табиғи ландшафттардың түрінің өзгеру сипаты осы әсердің бағытымен, қарқындылығымен және сапалық белгілерімен анықталатындықтан, осы М.Л. ареалын мекендейтін халықтардың кейбір этникалық ерекшеліктері М.Л. болуы мүмкін. Мәселен, жер игеру әдістері (және құралдары) мен қандай да болмасын халыққа тән, игерілетін егіншіліктің дәстүрлі жинағы осы халық жасап шығарған М.Л. белгілі бір сипат беруге қабілетті (мәселен, Азияның «күріш жейтін халықтарының» «мінсіз тегістелген» күріш алқаптары Францияның қыратты жүзімдіктерінен айтарлықтай ерекшеленеді, Дания мен Ұлыбритания жайылымдарының АҚШ немесе Канададағы ауқымды бидай алқаптарына ұқсас тұсы аз). Мал бағумен шұғылданатын халықтардың бірқатар М.Л. белгілері бағылатын мал құрамымен, оны ұстау сипатымен (еркін жаю, қорада ұстау, жем жинау және сақтау талаптары) және т.б. анықталады. Көрнекі түрде байқалатын этникалық айырмашылықтар қалаларда әр халықта қабылданған тұрғын жай түрлерінен –

қолданылатын қабырға және жабын материалдарының ерекшеліктерінен, сәулет тәсілдерінің ерекшеліктерінен (осы халыққа тән тұрғын құрылыстарының қабаттылығы, төбесінің шошақ төбелі немесе тегіс болуы және басқалары), ғибадатханалық және сарайлық құрылыстар сипатынан және т.б. туындайды.

Шаруашылық-мәдени түрлермен тікелей байланыстағы М.Л. айырмашылықтары ГТР әсерінен ішінара жойылады. Қалаларда құрылыстың индустриалдық түрлері барған сайын кеңінен қолданылады, суландыру саласында жергілікті тәсілдер мен құрылыстар тиісті құрал-жабдықтар мен құрылыстарды қолданатын инженерлік ұйымдармен ауыстыруға бағыт алады, жер өңдейтін құрал-жабдықтар әмбебаптандырылады және т.б. Бірақ М.Л. ерекшеліктерінің осылайша шайылуы сан-алуан әлем халықтарының шаруашылық қызметінің аймақтық белгілерімен және этникалық салт-дәстүрлерімен түсіндірілетін белгілі бір шекараға ие болады.

ЖЕРГІЛІКТІ ТОП (ағылш. – *local group*, нем. – *local gruppe*) – белгілі бір аумақтарды игеретін аңшылар мен терімшілердің әлеуметтік-экономикалық ұжымдарын (қауымдарын) белгілеу үшін кеңестік және шетелдік этнографиялық әдебиетте кеңінен қолданылатын термин. Бұл терминді австралиялық аборигендерге қатысты қолдану кеңінен етек жайған. Басқа құрылымдардың австралиялық Ж.Т. ұқсас алғашқы қауымдық этностарының (мәселен, атапаскілер мен алгонкиндерде, сонымен қатар американдық солтүстік эскимостарында) әдебиетте «аумақтық қауымдар» ретінде белгіленеді. Ж.Т. саны әр-түрлі, көбіне 30-50 адам құрайды, бірақ жергілікті экологиялық жағдайға байланысты олардың саны айтарлықтай кең шекте құбылуы мүмкін. Рулық құрылымдағы тайпалардың аналық-желілік және аналық-жергіліктілік (аналық ру) немесе әкелік-желілік және әкелік-жергіліктілік (әкелік ру) үйлесімділігі кезінде Ж.Т. өзегін бір рудың адамдары құрайды. Аналық-желілік әкелік-жергіліктілікпен үйлескен кезде, мәселен, Оңтүстік және Шығыс Австралия тайпаларында 19 ғ. орын алғанындай, Ж.Т. бірнеше рулардың мүшелерінен тұрған.

ЭТНОМӘДЕНИ МАРГИНАЛДЫҚ (лат. – *margo* – шет, шекара, шеткері аймақ; ағылш. – *marginality*, нем. – *ethnokulturelle marginalitat*) – екі этникалық мәдениеттің шегінде қалған және осы мәдениеттердің өзара ынтымақтастығына қатысатын адамдардың жағдайын білдіреді: *аккультурация* мен *ассимиляцияның* бастапқы кезеңдеріне тән. Ж.Т. әдетте көші-қон кезінде, әсіресе этносаралық және нәсілдерлік некелер кезінде туындайды. Сонымен қатар, Ж.Т. этностан тысқары ортаға көшу нәтижесінде түзілген, шағын этникалық және нәсілдік азшылықтарға да тән. Тұлғаның маргиналды түрі отарларда жиі туындаған, ал қазір – дамушы елдерде, дамыған мәдениеті бар еуропалықтардың әсерінен туындауда. Ж.Т. барлық жағдайларда дерлік әлеуметтік мәртебенің артуымен ұштасып жатады және мәдениеттердің теңсіздігі туралы түсінікпен күрделене түседі. *Психологиялық маргиналдық* – индивидтің және/немесе топтың «жоғары» мәдениетке толық бойұсына алмауын және бастапқы «төменгі» мәдениеттен толықтай бойын аулақ сала алмауын (мұндай ажыраудың мүмкін болмауы, оған қабілетті болмауы)

түсінуден; өз әлеуметтік мәртебесінің болжалды қызметі мен қабілеттеріне сәйкес еместігін түсінуден; маргиналды тұлға және/немесе топ оның мәдениетін игеруге тырысқанымен, жоғары мәртебелі (референттік) топтың тұлғаны (топты) толыққанды мүшесі ретінде қабылдаудан бас тартуынан көрініс табады. Осыдан туындайтын өзін кем санаушылық тұлғаны (топты) кейде референттік топтың көзқарасынша оларға тән деп саналатын стереотиптерге қарама-қарсы қасиеттерді қасақана дәріптеуге мәжбүрлейді (мәселен, Үндістанның жекелеген төменгі касталары мен тайпалары өздері үшін брахмандардың жоғары касталарына қарағанда тазалықтың қатаңдау қағидаларын енгізеді, тіпті ас үй ошағына арналған отынға дейін жуады). Екінші жағынан, референттік топқа күйіну оған деген ашығанды және қабылдамауды туындатады, бұл өз кезегінде девиантты немесе криминалды мінез-құлықтың дамуына қолайлы жағдай туғызады (мәселен, АҚШ-тағы қара нәсілді американдықтардың көпшілігінде).

Бастапқы мәдениет белгілерін сақтау көбіне төменгі мәртебе ретінде қарастырылатындықтан, маргиналды топ олардан тезірек құтылудан тырысады (мәселен, көптеген нисэйлердің, яғни, шыққан тегі жапондық, екінші буындағы жапондықтардың жапон тілінен, жапон тағамынан, жапонның отбасылық тұрмыс нормаларынан бас тартуы). Мұндай бас тарту референттік топқа енуді қамтамасыз етпейтіндігі айқын болған кезде, аталары ұмытқан жәйттерді немерелерінің еске түсіруге тырысатын жағдайлары жиі ұшырасады – мәселен, сансэйлер арасында (үшінші буындағы жапондық американдықтар) бала кезінен таныс болмаған жапон тілін үйрену, жапон этикетін меңгеруді айтуға болады. Ресей Федерациясы мен Кеңестер Одағының бұрынғы республикаларында Ж.Т. элементтері аралас некеден туған балаларда «төлқұжаттық» ұлттың сәйкессіздігі және нақты этномәдени ұмтылыстың болмауы кезінде, шағын халықтардың өкілдері дәстүрлі шаруашылықтан қалалық орыс тілді өмірге және бұдан бұрын тән болмаған қызмет түрлеріне ауысқан және т.б. кезде туындады. Ж.Т. этникалық өзіндік сана-сезімнің дуальдығымен түйіндеседі. Жеке тұрғыда ол психикалық шиеленіс туындатады және екі жақтылыққа, тіпті жеке өзіндік сана-сезімнің бөлшектенуіне әкеліп соқтырады. Маргиналды психикалық типтің көп жағдайда жоғары шығармашылық әлеуетімен дараланатыны, осы тип адамдары этникалық топтардың, ұлттық қозғалыстардың басшыларына, көрнекті мәдениет қайраткерлеріне және т.б. айналатыны атап өтіледі.

Бүгінде мәдениеттер байланысының арасында арманға айналған американдандырылған экрандық-жарнамалық кейіпте берілетін, бірақ қол жетпес идеал түріндегі жалпы әлемдік урбанистік мәдениеттің этникалық өзіне тән жергілікті дәстүрлі мәдениетпен қақтығысы айрықша орын алады. Бұл қарсы тұрушылықтың нәтижесінде, әсіресе жастар субмәдениетінде ерекше білінетін ғаламдық маргиналды туындайды. Бұл ғаламдық маргиналдықтың өрши түсу беталысына жергілікті дәстүрлі мәдениеттерді ревитализациялау бойынша күш-жігер қарсы қойылуда. Ол өз кезегінде кез-келген этникалық мәдениеттің өзіне жеткілікті құндылығын жақтап, оларды «артық» және «кем» бағалы мәдениеттерге саралау тұғырнамасын жоққа шығарады. Маргиналды

адамдар мен маргиналды ортақтықтар теориясын біздің ғасырымыздың 20-шы жылдарында ірі американдық ғалым, чикаголық әлеуметтік мектептің негізін салушылардың бірі – Р.Э. Парк ұсынды. Ол мұны «жат» тұжырымдамасын ұсынған германдық социологтар мен философтар Г. Зиммель мен В. Зомбарттан алған тәрізді. Парктің теориясын Э. Стоунквист дамытты.

ЭТНИКАЛЫҚ АЗШЫЛЫҚ (ағылш. – *ethnic minority*, нем. – *ethnische minderheit* – өзінің негізгі қоныстану ареалында (этникалық аумағында) немесе тиісті әкімшілік-аумақтық шекараларында орналасқан, өзін қоршаған этникалық жат халықтан саны бойынша айтарлықтай аз қандай да болмасын этникалық (ұлттық) тиістіліктегі адамдар тобы; Э.А. негізгі қоныстану аумақтарындағы иммигранттар тобы да жатқызыла алады. Билік органдарында өздерінің салыстырмалы түрде аз және этникалық көпшіліктің басым болуының салдарынан, Э.А. шынтуайтында күштеп ассимиляциялауға душар болуы мүмкін, сондықтан халықаралық құқықта олардың этникалық болмысын (тілдік-мәдени) сақтау бойынша мүдделерін қорғау, оның ішінде олардың ана тілінде сабақ беретін мектептер ашу және т.б. қарастырылған.

МЕТИСАЦИЯ (ағылш. – *metisiation*, нем. – *mischung*) негізгі үш мағынада қолданылады – 1) түрлі нәсіл өкілдерінің өзара будандасуы. М. терминінің ең жиі қолданылатын мағынасы – тар мағынасында – төрт үлкен адам нәсілдері – еуропоидтық, моңғолоидтық, негроидтық және австралоидтық туралы айтылғанда; кең мағынасында – адамзаттың кез-келген нәсілдік бөлімшелерінің араласуы. М. адамзаттың барлық тарихында, сан-алуан нәсілдік топтардың жанасу облыстарында ең байырғы заманнан кең орын алған. М. халықтардың жаппай көші-қоны кезінде, кейде келте уақыт ішінде, жүздеген және мыңдаған шақырым қашықтықтарда айтарлықтай көлемге ие болған. Мәселен: б.д. д. 3 мыңжылдықтың соңында – «арийліктердің» Үндістанға ене бастауы; б.д. 4-7 ғ.ғ. – Халықтардың ұлы қоныс аударуы (яғни, герман, славян, түркі этностарының аса зор қашықтықтарға қоныс аударуы; 15 ғ.соңында – Американың ашылуы, ол еуропалықтардың үндістермен араласуына, сонымен қатар құл саудасына, Америка құрлығына негр тектестердің ауыстырылуы және олармен араласуы. Отарлаушы мемлекеттердің ыдырауы нәтижесінде Еуропа елдеріне, АҚШ-қа, Канадаға қоныс аударушылардың басым бөлігін енді нәсіл аралық араласуға қатысатын Үндістаннан, Пәкістаннан, Африкадан шыққандар құрады. Аралас нәсіл аралық некеден туғандардың ұрпақтарын *метистер* деп атайды.

Америкада метистерге әдетте еуропалықтар мен үндістердің ұрпақтарын ғана жатқызады. Метистер Латын Америкасы мемлекеттерінің басым көпшілігін құрайды. Метистердің кейбір топтары ерекше атауға ие. Негрлер мен еуропалықтардың атауларын *мулаттар* (исп. – *mulato*, арабтың муваллад сөзінен – таза қанды араб емес) деп атайды. Атасы немесе әжесі негр тектес болған балалар *квартирондар* (лат. *quarta* – ширек) деп аталады. Мулаттар АҚШ-тың оңтүстік штаттары халқының басым бөлігін құрайды. Олар әсіресе Бразилияда, Вест-Үндістан аралдарында, атап айтқанда, Гаити мен Ямайкада көп. Үндістер мен еуропалықтар, ең алдымен испандықтар арасында ресми рәсімделген некеден туған балалар *креолдар* (исп. *criollo*) деп аталды. Латын

Америкасы елдерін алғаш жаулаған еуропалықтардың, АҚШ-тың оңтүстігіндегі, ең алдымен Луизина штатындағы француз отарлаушыларының ұрпақтарын да креолдар деп атаған Бразилияда құлнегрлермен некеден туғандарды атаған. Аляскадағы орыс қоныстанушылары орыстардың алеуттармен, эскимостармен, үндістермен некеден туғандарын креолдар деп атаған. Қазіргі кезде бұл термин қолданыстан шығып, негізінен Мексикада сақталып отыр. *Самбо* – негр мен үндіс әйелден туған ұрпақ. Боливияда, Колумбияда және Чилиде осылай деп мулаттарды атайды. Бразилиядағы негр – үндіс метистері *кафузо* немесе *курубоко* деген атауларға ие. Еуропалықтар мен жергілікті тұрғындардың (готтентоттар мен бушмендер), сонымен қатар Оңтүстік Африка республикасындағы Мадагаскардың моңғол тектес күндердің аралас некесінен туғандарды «түрлі-түстілер» деп атайды. Метистер сан-алуан антропологиялық түрлерге ие, бір жағдайда екі аралас нәсілдің біріне жақын болса, басқасында – өз бейнесінде екеуінің де белгілерін үйлестіре береді. Соңғылары көпшілікті құрайды.

Әлемнің көптеген аудандарының халқы үлкен нәсілдердің араласуы нәтижесінде қалыптасқан: Солтүстік және Солтүстік-Шығыс Африкада еурпеоидтық-негроидтық, Үндістанда – еурпеоидтық-веддоидтық, Оңтүстік-Шығыс Азияда – моңғолоидтық-австрало-веддоидтық, Еуропаның солтүстік-шығысында, Орал аймағында, Еділ бойында, Орта Азияда – еурпеоидтық-моңғолоидтық антропологиялық түрлердің бірқатары қалыптасқан. Латын Америкасының халқы шығу тегі жағынан еуропалықтар мен негрлер, негрлер мен үндістер, үндістер мен еуропалықтар арасындағы метистік болып табылатындықтан, бұл аймақта еуропалық және негроидтық үлкен нәсілдердің және американоидты шағын нәсілдің араласуы жүріп жатыр. Қазіргі кезде Жер шарында алыс немесе жақын өткен шақта мұндай метисация орын алмаған облыстар жоққа жақын.

2) Бір немесе әртүрлі этностарға жататын, көрші немесе бір-бірінен алшақ тұратын, бұдан бұрын бір-бірінен оқшауланған сан-алуан популяциялардың араласуы. Мұндай метисацияның ең қарапайым және ең кең таралған түрі – популяциялардың некелік байланыстары шеңберінің кеңеюі. Бұл адамзат тарихының кез-келген кезеңінде орын алған. Осындай метисацияға тән мысалдардың бірі ретінде сан-алуан еурпеоидтік антропологиялық түр өкілдерінің (сан-алуан этностарға жататын: испандықтар, португалдықтар, ағылшындар, ирландықтар, француздар, орыстар және т.б. Солтүстік, Еуропалық Еуропаның еурпеоидтері, оңтүстік еурпеоидтер, Шығыс Еуропаның еурпеоидтері) Америка құрлығын отарлаған кезде араласуын келтіруге болады. Осындай метисацияға тән мысалдардың бірі – араласу. Осы тәрізді екінші мысал: түрлі тайпалардан құралған түркі және түркі-моңғол көшпенділері әскерінің қалыптасуы. Олар батысқа жылжыған кезде, жаулап алған аумақтардың көшпенді тайпаларын құрамына қосып отырған. Халықтың айтарлықтай қозғалысқа түсуіне үлкен нәсілдердің түзілу ошақтарындағы шекаралас аудандарда бұл терминнің мағынасы біріншімен сәйкес келеді.

3) Іс жүзінде араласу ғана емес, транскультурация және аккумулярация немесе мәдениеттердің араласуы. Бұл ұғымдарды шектеу үшін түрлі терминдер

ұсынылды: іс жүзінде араласу үшін – «*мисцегенация*», мәдени үшін – «*этникалық миксация*». Бірақ көп мағыналылау «метисация» термині тұрақтырақ болып шықты.

ӨРКЕНИЕТ (лат. *civilis* – азаматтық) – қоғамның материалдық және рухани жетістіктерінің жиынтығы. Ежелгі римдіктер бұл ұғымды «варварлықтар» деп өздері атаған басқа халықтар мен мемлекеттерден айырмашылықтарын көрсету мақсатында қолданған. Олардың түсініктері бойынша «Ө.» азаматтық қоғам, қалалық мәдениет, заңға негізделген басқару тәртібі қалыптасқан рим империясының даму дәрежесін білдірген. Ө. мәдениет ұғымымен тығыз байланысты. Ғасырлар бойы қалыптасқан Ө. пен мәдениет ұғымының мағыналарын төмендегідей топтастыруға болады: 1) мәдениет пен Ө. бір, олар синонимдер (И.Гердер, Э.Тайлор); 2) Ө. – мәдениеттің ақыры, оның «кәрілік» шағы, руханилықтың антиподы (Ж.Ж. Руссо, Ш.Фурье, О.Шпенглер); 3) Ө. – мәдениеттің прогресі, болашаққа бой сермеуі, қоғамның парасаттылық деңгейі (Вольтер, Д.Белл); 4) Ө. – тағылық пен варварлықтан кейінгі тарихи-мәдени саты (Л.Морган); 5) Ө. – этностар мен мемлекеттерге тән мәдениеттің окшау түрі (А.Тойнби, Н.Я. Данилевский, т.б.); 6) Ө. – мәдениеттің тех. даму деңгейі, оның материалдық жағы. Ағартушылық дәуірінде Ө. әлеум.-мәдени дамуды сипаттау үшін қолданылды. 19 ғ-да Шпенглер мен Тойнби еңбектерінде бұл термин өзіндік ерекшелігі бар, жергілікті қауымдастық мағынасында, яғни «тарихи өркениеттер» (Қытай, Вавилон, Түркі, Мұсылман, Орта ғасыр, т.б.) ретінде қолданылды. Дегенмен Ө-ті саралаудың бірегей өлшемдері мен ұстанымдары әлі күнге дейін жасалған жоқ. Соңғы кездері Ө-ке бір аймақта тұратын халықтардың тарихи тағдырластығы, олардың арасындағы ұзақ әрі тығыз мәдени байланыс нәтижесінде әлеум. ұйымдасу мен реттелудің этносаралық жергілікті қауымдастығы деген анықтама берілді. Ө. категориясы мәдени типтерді зерттеуде немесе мәдени-тарихи типологияны жасауда кеңінен қолданылады. Сондай-ақ, Ө. типтерін шығыс және батыс деп бөліп, «ғаламдық Ө.» және «техногендік Ө.» ұғымдары да қолданылады. Мәдениеттанушылар Ө-ті «мәдениет» ұғымымен салыстыра қарастырады.

С.Хантингтонның жіктемесі бойынша, қазіргі әлемде батыстық, латын америкалық, православиялық, исламдық, конфуцийшілдік, үнді-буддалық, қиыр шығыс және африкалық секілді 8 суперөркениет қатар өмір сүруде. Қазіргі отандық мәдениеттану ғылымында қазақ өркениеті ұғымы қалыптасты. Ол ежелгі көшпелі өркениеттерден бастау алып (сақ, үйсін, қаңлы, ғұн, ортағасырлық түркілік дала империялары, Алтын Орда, Ақ Орда, т.б.), кейін қазақ хандығы тұсында қалыптасқан, түркі-соғды, түркі-араб синтездері нәтижесінде исламдық суперөркениеттің құрамына енетін этномәдени бірлестікті сипаттау үшін қолданылады Қазақ Ө-і 3 үлкен өркениеттердің (православиялық, исламдық, конфуцийлік) тоғысқан жерінде орналасқан. Оның мынадай өзіндік белгілері бар: а) көшпелі өркениеттің мәдени негізіне рулық-тайпалық одақ жатады; ә) түркі тілінде сөйлеген тайпалар «түркі» этнонимі пайда болғаннан талай ғасырлар бұрын қалыптасқан; б) мұсылман дінін түркі тайпалары біртіндеп өз еркімен қабылдаған және бұл үрдіс Шыңғыс хан империясы тұсында баяулағанымен, түбінде табысты аяқталған; в) орта

ғасырлардың соңынан бастап түркі тайпалары моңғолдық этн. элементтерді өзіне сіңіре бастады; г) 15 ғ-да түркілік Орт. Азияда қазақ деп бұрынғы мемлекетінен бөлінген адамдарды айтты. Қазақ халқының және оның ата-тектерінің әлемдік Ө-ке қосқан басты құндылықтарына мыналар жатады: 1) еуразиялық көшпелілер кеңістікті игеруде адамзат тарихындағы бірінші жетістікке жетті; 2) көшпелілер шөл мен шөлейттерді үйлесімді игере алды; 3) еуразиялық көшпелілер тарих катализаторлары (А.Вебер) қызметін атқарды, олардағы миграц. процестер жаңа өркениеттердің қалыптасуының себебі болды (Үнді, Иран, Ғұн мемлекеті, Араб Халифаты, т.б.); 4) Ұлы Жібек жолы және басқа да мәдени байланыс жүйелері арқылы түркілер батыс пен шығыстың арасында дәнекерлік қызмет атқарды, олардың сұхбатына себепкер болды; 5) қазақтың арғы тектері әлемдік өркениеттіліктің шалбар, алдаспан, киіз үй, күйме, металл өңдеу, зергерлік, ұсталық сияқты артефактілерін алғашқылардың бірі болып енгізді; 6) түркілердің әмбебап дүниетанымдық жүйесі – тәңіршілдік адамдық ынтымақтастық пен келісімділіктің маңызды формасы болды; 7) «адам бол!» ұстанымы, әлемді жарық дүние деп түсіну, адамның көңіл-күйіне мән беру, ғарышпен және адамдармен үйлесімділікте болу, жасы үлкендер мен баланы қастерлеу сияқты қазақтың дәстүрлі әдеп жүйесінің құндылықтары қазіргі руханиятта ерекше орын алады. Қазіргі қазақ Ө-і алдында ұлттық архетиптерді сақтай отырып, оларды қазіргі әлемдік Ө. құндылықтарымен үйлесімді ету міндеті тұр.

ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ (ЭТНОЛОГИЯЛЫҚ) ӘДІСНАМА (ағылш. – *ethnic methodology*, нем. – *ethnographische (ethnologische) methodologie*) – этнография нысандарын танудың негізгі тұғырнамалары (негізгі және жеке); оның негізгі нысандарын (этникалық және этнографиялық ортақтықтарды) адамдардың басқа бірлестіктерінен бөліп көрсетуді негіздеуге, олардың аса маңызды түрлері мен тарихи тұрпаттарын, иерархиялық құрылымын, олардың өзгеруінің басты сан-алуан түрлері мен факторларын – *этникалық үдерістерді* анықтауға басты назар аударылады. Этнография тақырыбының әдіснамасын әзірлеген кезде, этникалық және этнографиялық ортақтықтардың жекелеген бөліктерін этнографиялық тұрғыда зерттеу ерекшеліктерін, сонымен қатар этнографияны басқа ғылыми пәндердің тақырыптық аймақтарынан шектеу тұғырнамаларын анықтау айрықша маңызға ие болады. Мәселен, мұндай пәнге этникалық және этнографиялық ортақтықтардың қандай да бір қасиеттерін зерттеумен айналысатын әлеуметтануды айтуға болады. Бұл жағдайда этникалық ерекшелікті анықтау мақсатында этнографияны негізгі және жеке салыстырмалы-типологиялық зерттеу маңызды орын алады.

ЭТНО-ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ОРТА (НИША) (ағылш. – *ethnoecological niche*; нем. – *ethnoecologische niche*) – қандай да бір этникалық қауымдастыққа, популяцияға және т.б. тән өзіндік табиғи орта. Бұл термин қандай да бір тұқым немесе түрдің және оның табиғаттағы орнының өзіндік экологиясын айқындау үшін қолданылатын биологиядан келген. Сондықтан қоғам мен мәдениетті зерттеу кезінде кейбір зерттеушілер оны теріс биологизациялау ретінде қарастырады. Э.О. ұғымы әсіресе *Мәдени экологияда* және Дж. Стюард дамытқан *Көпжелілі эволюция* тұжырымдамасында кеңінен қолданылады.

Стюард бойынша, этномәдени даму адамзаттың сан-алуан топтарының экология ерекшеліктеріне бейімделуімен анықталады және экологиялық біртепті және әртепті топтарды бақыланатын салыстыру жолымен зерттелуі тиіс. Айтарлықтай әртүрлі Э.О. өмір сүретін топтардың өзара әрекеттестігін, әсіресе микро- және макроэкология, экожүйе жұмысы және «симбиоз» мәселелерін зерттеуде мәдени экологияға көп мән беріледі. Э.О. терминін отандық этнологтардың бір бөлігі де, бірақ тарлау мағынасында, пайдаланады: өзінің табиғи жағдайлары бойынша өзін қоршаған ортадан айрықша ерекшеліктін елді мекендерге қатысты қолданады. Осы турасында Сахара туарегтерінің, Калахари бушмендерінің және т.б. жағымсыз Э.О. туралы айтылады. Бірақ тұтастай алғанда, табиғи ортаның әлеуметтік-мәдени орта дамуына әсеріне арналған отандық зерттеулерде (Қараңыз: *Шаруашылық-мәдени типтер*), Э.О. термині сирек қолданылады; экологиялық емес бағыттағы батыс зерттеулеріндегідей, табиғи орта туралы айтарлықтай жиірек айтылады.

СУБЭТНОС (лат. *sub* – греч. *ethnos* – халық; ағылш. – *subethnos*; нем. – *subethnos*) – белгілі бір аумақты ықшам мекендейтін, өзінің шаруашылығымен, материалдық және ішінара рухани мәдениетімен осы аумақтың табиғи жағдайларына бейімделген, өзінің бірлігін сезінетін және өзіндік атауын пайдаланатын, яғни *этностың* көптеген белгілеріне сай келетін адамдар. Бірақ өзінің шығу тегі, тілі мен көптеген мәдени элементтері бойынша С. әлдеқайда кең этникалық қауымдастықтың бір бөлігі болып табылады. Бұл да олардың мүшелерінің өзіндік сана-сезімінде және екінші өзіндік атауында немесе *этнонимінде* көрініс табады. «Аналық» этностан шыққандардың алыс қашықтықтарға – табиғи жағдайы дәстүрлі шаруашылық пен оған байланысты аналық мәдениет элементтерін айтарлықтай өзгертуді талап еткен аудандарға ежелде қоныс аударуы С. туындауының себебі болуы мүмкін (мәселен, орыстардың арасында – Ақ теңіз жағалауында балық аулаумен шұғылданатын «поморлар», украиндар арасында – Карпат тауларында мал бағумен айналысатын гуцулдар және басқалары). Бұған әлеуметтік мәртебенің өзгеруіне байланысты (орыстар арасында – Дон, Орал казактары және басқалары), мемлекеттік-діни оқшаулануға (мәселен, поляктар арасында – ұзақ уақыт бойы Шығыс Пруссияда тұрған және католик дінінен протестанттыққа өткен мазурлар) көші-қон себеп болуы мүмкін. Этникалық бірігу үдерісінде С. *этнографиялық топқа* айналуы және этностың негізгі массасына қосылып кетуі мүмкін. С. терминін Л.Н.Гумилев ұсынып, Ю.В.Бромлей және басқа этнографтар қабылдады және кеңінен пайдаланды.

ШАРУАШЫЛЫҚ-МӘДЕНИ ТОПТАР (ШМТ) (ағылш. – *economic-cultural types*; нем. – *wirtschaftlich kulturelle types*) – ұқсас табиғи жағдайларда тұратын және әлеуметтік-экономикалық дамудың шамамен алғанда бірдей деңгейінде орналасқан, шығу тегі жөнінен әрқилы этникалық топтарға тән дәстүрлі түрде тарихи қалыптасқан шаруашылық пен мәдениеттің өзара байланысты кешендері бар бірнеше *этностардың* немесе олардың бөлімшелерінің негізінде дивергентті, сондай-ақ конвергентті қалыптасатын тарихи-тұрпаттамалық қауымдастықтар туралы кеңес ғылымы тұсында

қабылданған ұғым. Халықтардың материалдық мәдениетінің ерекшеліктері – олардың тұрақтары мен тұрғын-жайларының түрлері, тамағы мен бұйымдары, киімі, қозғалыс құралдары көп жағдайда адамзаттың тарихи дамуы үдерісінде шаруашылықтың бағытталуына және географиялық ортаның ерекшеліктеріне байланысты анықталды.

Ш.М.Т. адамдардың барлық индустриалдық қоғамдарға дейінгі шаруашылық қызметі үдерісіндегі және қоршаған ортадағы қарым-қатынасынан көрініс береді және осы үдеріс арқылы қоғамдық өндірістің экономикалық құрылымының тұрпаттамасына енгізілген. Сондықтан Ш.М.Т. жекелеген топтары «өндіруші күштер» ұғымымен қатар қойылуы мүмкін. Пайдаланылатын табиғи ресурстардан басқа, оған барлық халықтық салт-дәстүрлер мен жаңалықтар, адамдардың нақты этникалық қауымдастықтар шегінде қарым-қатынас жасау элементтері мен құралдары үйлесімді түрде кіреді; олар ұрпақтан ұрпаққа берілетін мәдениет элементтерінің болмысын көрсетеді. Ш.М.Т. ұғымы шаруашылықтың жергілікті нұсқаларынан көрініс беріп, қоғамдық өндірістегі шаруашылық-өндірістік машықтар мен экономиканың жиынтығын нақты географиялық ортамен және үш деңгейлі (планетарлық, аймақтық және жергілікті) физикалық-географиялық, белдеулі аймақтық заңдылықтармен біріктіреді. Басқа да қоғамдық құбылыстар секілді Ш.М.Т. да өзінің тарихи дамуында белгілі бір сатылардан өтеді. Олар әлеуметтік-экономикалық тұрғыда бір-бірінен еңбек өнімділігі тиімділігінің барған сайын арта түсуімен, үстеме өнім көлемінің өсуімен, этностардың дәстүрлі материалдық және рухани элементтерінің барлығының дерлік күрделенуімен ерекшеленеді. Адамзат тарихының бастапқы кезеңдерінде материалдық өндірістің басты негізі болып келген табиғат, оның түрлі экологиялық орталардағы сан-алуандығын анықтап келді. Бұл, өз кезегінде, Ш.М.Т. қалыптасуында және бір-бірін заңды ауыстыруында көрініс тапты. Олардың ең ежелгілері адамдардың планетада ежелгі таралу кезінен бастау алса (кейінгі палеолит, мезолит және неолит кезеңі), қалғандары кейін – алғашқы қауымдық құрылыс ыдыраған және таптық қоғам қалыптасқан дәуірде пайда болған.

Ш.М.Т. негізгі үш тобы ерекшеленеді. Бірінші, ең ежелгі топқа, аңшылық, терімшілік немесе балық аулау секілді шаруашылық түрлері басым «иеленуші» Ш.М.Т. жатады. Бұл топқа ХХ ғ. басында әлі де келесі Ш.М.Т. жатқызылып келді: теңіз жануарын аулайтын жартылай отырықшы арктикалық аңшылар мен балықшылар (эскимостар, жағалау чукчалары және басқалары); тайга мен тундраның қаңғыбас және жартылай отырықшы аңшылары мен балықшылары (чипевэяйн, кри және басқалары); ыстық белдеудің қаңғыбас аңшылары мен терімшілері (мбути, ходза пигмейлері, австралиялық аборигендер және басқалары). Ыстық белдеудегі «иеленуші» шаруашылық түрлерімен айналысатын барлық Ш.М.Т.-ға қимыл-қозғалысқа толы өмір сүру образы, материалдық мәдениеттің жұтаңдығы, рулық және қауымдық қарым-қатынастарды ұстанатын әлеуметтік құрылымдардың ескілігі, ресми билік институттарының жоқтығы, діннің анимистикалық түрлері, тайпаластардың теңдігіне және еңбек өнімдерін ұжымдық бөлуге негізделген құндылықтар

жүйесі тән. Субарктика мен Арктикада халықтың маусымдық ширақтығы да аса маңызды болғанымен, балық аулаушы және аң аулаушы кәсіпшіліктер бүкіл ұжымның жылдық отырықшылығын қамтамасыз ете алады. Көшпелі шаруашылық қызмет түрінен «өндіруші» экономикаға өтетін Ш.М.Т. -ға жатады: Молук аралдарындағы тропикалық егіншілікпен және балық аулаумен де айналысатын жабайы саго өндірушілер; қолмен (кетпенмен) жер өңдеуші-аңшылар және Амазонка мен Орталық Африканың экваториалдық ормандарындағы терімшілер; тайга мен тундраның бұғы өсіруші-аңшылары. Екінші топқа ыстық белдеудің қолмен (таяқты-кетпенді) жер өңдеуші Ш.М.Т. жатады. Олар аудармалы тропикалық жер өңдеуді аңшылықпен және балық аулаумен ұштастырады. Олар Африкада, Азияда және Оңтүстік Америкада кең таралған. Бұл топтың Ш.М.Т. шаруашылықтың көптеген тәсілдерін біріктіреді (мәселен, тамыр жемістерді, банандарды және т.б. отамалы-оттық тропикалық егіншілік), жерді кетпеннің және таяқтың көмегімен өңдейді, әйел еңбегі басымдыққа ие; дөңгелек және тік бұрышты жоспарланған тұрақты қаңқалы-бағанды тұрғын-жайлар; қолөнер өндірісін (ұсталық, қыш және т.б.) айрықша салаға бөлу.

Ш.М.Т.-ның үшінші ең кеш тобы алқаптарды өңдеу үшін үй жануарларының тарту күшін: бұқаларды, буйволдарды, сонымен қатар жылқыларды пайдаланатын этникалық топтарды біріктіреді. Ең ежелгі жер жырту құралы – бір тісті рало, кейінірек далалық және орманды-далалық аймақта әртүрлі соқалар, ал орманды аймақта – екі тісті соқалар таралды. Үшінші топтың Ш.М.Т.-мен өмір сүру образы мен мәдениеттің көптеген ортақ белгілері байланысты: отырықшылық, стационарлық тұрғын-жайлар (қаңқалы-бағанды, қималы, саздан соғылған, кірпіш, тас), алауошақ пен пеш және басқалары. Түрлі аймақтарда жер жыртатын егіншілердің Ш.М.Т. аса мол сан-алуандығы бар. Еуразия мен Африканың далалық аридті аймағында жылжымалы көшпелі мал шаруашылығы негізінде бірнеше Ш.М.Т. қалыптасты. Шаруашылық қызметі негізінен көшпенді мал шаруашылығымен байланысты этностардың барлық мәдени-тұрмыстық ерекшеліктеріне көшпенді өмір сүру образы өз белгісін қалдырды. Көптеген дәстүрлі Ш.М.Т. 20 ғ. өзгеріске ұшырап, қирай бастады. Олардың орнында экономикалық және мәдени-тұрмыстық сипаттағы жаңа аймақтық кешендер құрыла бастады. Олар ғылыми-техникалық прогресс, элеуметтік құрылымдардың түбегейлі өзгеруі, қала халқының өсуі мен материалдық және рухани мәдениеттің көптеген элементтерінің интернационалануы жағдайында қалыптасты.

ЭКЗОГАМИЯ (гректің *exo* – тыс, *gamos* – неке; англ. – *exogamy*; нем. – *exogamie*) – қандай да бір топтың немесе қауымдастықтың мүшелері арасында жыныстық қарым-қатынастарға тыйым салуға негізделген салт. Алғашқы қауымдық құрылыс кезінде аналық немесе әкелік жағынан (туысқандықтың аналық-желілік немесе әкелік-желілік есебі) туысқандар арасында сақталатын тайпалық Э. ең ерте және ең кең таралған түрі болды. Э. пайда болуының үш негізгі болжамы бар: олардың бірі бойынша, ол жақын туыстар арасындағы некелердің ықтимал зиянды салдарын болдырмауға деген ұмтылыспен, екіншісі бойынша – басқа ұжымдармен, ең алдымен – *тайпаға* кіретін рулар арасындағы

элеуметтік байланыстарды кеңейтуге және нығайтуға деген ұмтылыспен, үшіншісі бойынша – өз ұжымында элеуметтік бейбітшілік орнатуға деген ұмтылыспен түсіндіріледі, себебі Э. кезінде жыныстық қатынастар мен олардан туындайтын қақтығыстар оның шегінен шығарылады. Бұл болжамдардың бірде-бірі жеткілікті сенім ұялатпайды. Мәселен, екінші болжам үшіншісімен қайшылыққа түседі. Біріншісіне келер болсақ, жақын туыстар арасындағы некелердің зиянды салдары айқын білінбейді: ол генетикалық аурулар кезінде ғана орын алады және әдетте, бірнеше ұрпақтан соң ғана толық көрініс береді. Мұның алғашқы қауымдық құрылыс кезінде ескеріле қоюы екіталай. Қазіргі кезде негізінен тікелей қан араластыру (инцест) ғана айыпталады, ал басқа жағдайларда Э. қатты құбылады. Мәселен, қытайлықтар арасында тегі бір еркектер мен әйелдердің некелесуіне тыйым салынған. Бұл әкелік-желілік туысқандықтың белгісі болып саналады: абхаздықтар арасында әкелік желі бойынша туыстықтың кез-келген деңгейіндегі некелерге және аналық желі бойынша әжелердің тікелей туысқандығы кезіндегі некелерге тыйым салынған; әдетте бір ауылдың ішіндегі (қауымдық Э.) некелер айыпталады. Сонымен қатар, мәселен, исламды ұстанатын көптеген этностарда кросс-жиендік (немерелес аға-қарындастар арасындағы) некелер кең таралған.

ЭНДОГАМИЯ (ағылш. – *endogamy*; нем. – *endogamie*) – бір немесе басқа топтың немесе ұжымның, сонымен қатар этностың ішінде некеге тұру ережесі. Антропологияда (кеңірек – биологияда) Э. белгілі бір жануар түрінің популяциясының аса маңызды сипаттамаларының бірі саналады. Бірақ қатаң мағынасында ол популяциялар арасында еңсерілуі қиын табиғи шекаралар (биік тау жоталары, жалпақ өзендер және т.б.) болған жағдайда ғана сақталады; олар болмаған жағдайда Э. белгілі бір деңгейде бұзыла бастауы мүмкін. Этникалық Э. әсіресе алғашқы қауымдық тайпаларға тән саналады. Бұл басқа тайпаның адамдарымен некеге тұруға тыйым салу жүйесі арқылы қолданып отырды. Бірақ бұл ережені бұзуға, мәселен, басқа тайпаның әйелін күштеп алғанда жол берілетін. Ерте таптық қауымдарда, «ұлыстық кезеңде» Э. барлық жерде дерлік әлсіреді; оған қарағанда әлемнің көптеген елдерінде (әсіресе Азияда) өз мағынасын сақтап қалған діни (конфессионалдық) Э. әлдеқайда қатаң сақталды; этникалық Э. сақтаудың ең қатаң жағдайлары этникалық ортақтықтардың дінимен ұштасқан кезінде байқалады – иудашы – еврейлерде, сонымен қатар индуизмдегі касталарда.

Мемлекеттер арасындағы саяси шекаралар тәртіпке келтірілген соң және бекітілгеннен кейін, олардағы азаматтық Э. белгісіне ие болады, ұлттық мемлекеттерде бұл тиісті этностарға да таралады. Этникалық Э. бұзылуының маңызды факторына алыс қашықтықтан көшіп келген қандай да бір этникалық топтың жыныстық-жастық құрамындағы үйлеспеушілік, ең алдымен – олардың ішінде жас еркектердің басым болуы жатады. Олар жаңа жерде басқа этникалық және тіпті басқа нәсілдік тиістіліктегі әйелдермен некеге тұрады; мәселен, латынамерикандық ұлттардың қалыптасуы осылай жүрді – негізінен испандық және португалдық қоныс аударушылар түрлі үнді этностарымен араласып кетті. Этникалық Э. Бұзылуының тағы бір маңызды факторына этностың айтарлықтай ауқымды кеңістікке таралып, оның аумақтық

топтарының бір-бірімен салыстырмалы түрде нашар араласуы жатады; бұл жағдайда этнос басқа этникалық топтармен некелік байланысқа түсетін эндогамды популяцияларға іс жүзінде бөлініп кетеді: мәселен, Байкал аймағындағы орыстар – буряттармен, Камчаткада – ительмендермен және тағы сол сияқтылар.

ЭТНОКОНФЕССИОНАЛДЫҚ ҚАУЫМДАСТЫҚ (ағылш. – *ethnoconfession unit*; нем. – *ethnokonfessionelle gemeinschaft*); – этностың немесе оның жекелеген бөліктерінің дінмен тығыз түйіндесуі кезінде туындайтын құрылым. Түйіндесудің екі негізгі түрі бар: 1) этностың қандай да бір бөлігінің белгілі бір конфессиямен түйіндесуі және осының нәтижесінде оның бойында өзіне тән мәдени қасиеттердің туындауы (субэтноконфессионалдық топ); 2) мәдениеті жағынан жақын және ықшам орналасқан бірнеше этностың бір конфессиямен түйіндесуі және олардың ортақ өзіндік сана-сезімінің пайда болуы (метаэтноконфессионалдық топ). Субэтноконфессионалдық топты этнос ішіндегі қарапайым конфессионалдық топпен теңестіруге болмайды. Мәселен, лютеран немістерді, реформатор немістерді және католик немістерді неміс этносының субэтноконфессионалдық топтары деп санауға келмейді. Себебі конфессионалдық айырмашылықтар осы топтарда бір-бірінен айтарлықтай ажырататын қандай да болмасын өзіндік мәдени белгілердің пайда болуына әкеліп соқтырған жоқ. Орыс баптистерін де ерекше субэтноконфессионалдық топ деп атау да негізсіз. Сөйте тұра, православты болгарлардан тек діні ғана емес, мәдениетінің өте көпөзіне тән белгілерімен ерекшеленетін мұсылман болгарларды, сөзсіз субэтноконфессионалды топ деп атала алады. Латвиядағы латгальдықтар, Италиядағы вальденстер, Ирактағы араб-мандейліктер, Ирактағы, Түркиядағы, Иран мен Сириядағы күрд-йезидтер (йазидтер), Ирандағы, гебрлер (парсы-зороастрылықтар), Үндістандағы панджабтық-сикхтар мен малаяли-христиандар, Бирмадағы арақандықтар, Мысырдағы араб-копттар, АҚШ-тағы меннониттер мен мормондар, орыстың старообрядтықтары және басқалары да субэтноконфессионалдық топтар болып табылады. Этноконфессионалдық топтар қалыптасқан кезде этноконфессионалдық және этникалық өзгешелік тығыз қарым-қатынасқа түседі.

Этникалық құбылыстар, қасиеттер ұзақ уақыт бойы өзара қарым-қатынасқа түсу барысында діни дәріптеудің құрамдас бөліктеріне айналып, «конфессионаланады» және, керісінше, дәріптеу кешенінің жекелеген компоненттері этникалық құбылыстар сипатын иеленіп, этникалық тұрғыда боялады, «этникуланады». Бұған Филиппин халықтары тобының діні бойынша әртүрлі 3 метаэтноконфессионалдық тобы жарқын мысал бола алады: христиан халықтары (тагалдар, илоктар, пангасинан, пампанган, бикол және басқалары); әдетте моро (магинданао, маранао, сулу және басқалары) деп аталатын мұсылман халықтары; негізінен тайпалық діндерін ұстанатын тау халықтары (канканаи, ифугао және басқалары). Этноконфессионалдық топтар уақыт өте келе дербес этностарға айналуы мүмкін. Кезінде осындай жағдай бір тілде сөйлейтін, бірақ әртүрлі конфессияларды ұстанатын оңтүстік славян халықтарында: сербтерде, хорваттарда және мұсылман славяндарда орын алған. Қазіргі кезде арақандықтар, йезидтер мен басқа да этноконфессионалдық

топтар дербес этносқа айналуға айқын бет алған. Челябинь облысында тұратын шоқынған татарлар – нағайбақтар іс жүзінде дербес ұлтқа айналып үлгерді. 1989, 1899 жылғы халық санағы кезінде бұл қауымдастық өкілдерінің барлығы дерлік өздерін «татар» емес, «нағайбақ» деп атаған.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Социокультурная антропология: История, теория и методология: Энциклопедический словарь. Под ред Ю.М. Резника. – М.: Академический проект. 2012. 1000 с.
2. Бромлей Ю.В. Очерки теории этноса. – М., 1983.
3. Громов Г. Г. Методика этнографических экспедиций. Учебное пособие. Издательство Московского университета, 1966
4. Исследования по прикладной и неотложной этнологии. – М., 1996.
5. Концепции зарубежной этнологии. – СПб., 1976.
6. Козьмин В.А. Учебник полевой этнографии // Кунсткамера. Этнографические тетради. Вып. 4 СПб.,1999 С. 364-379
7. Этнография и смежные дисциплины. Этнографические субдисциплины. Школы и направления. Методы. – М., 1988.

ДАЛАЛЫҚ ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ ЭКСПЕДИЦИЯ ФОТОТҮСІРІЛІМДЕРІ



Қаракұм, Көкдомбақ, Дүйбай, Тамен бейіттері



Қаракұм. Көкдомбақ. Шеген мола (дүзгеннен соғылған бейіт). Жергілікті халық «шеген мола», «шапқалы мола» деп атап кеткен.



Қаракұм. Көкдомақ. Жерлеу орындары. Ру таңбасы шекілген тастар.



Шебер, информатор Жәнібек Махамбет өзі жасаған доңыз қауақ реконструкциясының қолданыс аясынан шебер сынып көрсетуде.